

“ПАРЛАМЕНТТІ РЕФОРМАЛАУ – СЕНАТТЫ ТАРАТУ ЕМЕС”

Сарқылмасын Сыр - Ана!



Мемлекет басшысы Қ.ТОҚАЕВ:

РЕСЕЙ - ҚАЗАҚСТАННЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСІ, ӘРІ ОДАҚТАСЫ

Биылғы жылдың қазанының 9-ында Тәжік елінің Душанбе қаласында екінші “Орталық Азия – Ресей” саммиті өтті. Оған Қазақстан Президенті Қ.Тоқаев та қатысып, сөз сөйледі.

– Орталық Азия – қарқынды дамып келе жатқан әлеуеті мол аймақ. Оның жаһандық үдерістердегі қазіргі және келешектегі рөлі зор. Мұны әлем мемлекеттері мойындап отыр. Бүгінгідей келіссөздерге қызығушылықтың артуы осының дәлелі. Тарихи, саяси, экономикалық, гуманитарлық факторлар тұрғысынан алғанда, Қазақстан үшін Ресейдің орны айрықша. Бір ғана деректі айталық: елдеріміздің арасын әлемдегі ең ұзын шекара бөліп жатыр, яғни 7591 шақырым. Бұрын-соңды болмаған геосаяси дүрбелеңге, әлем экономикасының тұрақсыздығына карамастан, Ресей Қазақстанның стратегиялық серіктесі әрі одақтасы саналады. Алдағы уақытта да осылай болып қала береді. Орталық Азия өңіріндегі ахуал кейінгі жылдары саяси ынтымақтастық, экономикалық ықпалдастық, мәдени және рухани бірлікке қарай бет алғаны қуантады. Бұл оң үрдіс енді кері сипат алмайды және аймағымыздың Ресей мемлекетінің перспективті әрі беделді серіктесі ретіндегі салмағын үстей түседі.

– Алғашқы саммитте экономикалық ынтымақтастықтың жаңа үлгісін қалыптастыру бағытында жұмыс істеуге келіскен едік. Бүгін қабылданатын Бірлескен іс-қимыл жоспары 50-ден аса шараны қамтиды. Бұл – өте құнды құжат. Сол себепті оны уақытылы іске асыруға барынша күш жұмылдыру қажет. Орталық Азия елдерінің Ресеймен сауда көлемі барлық тауар айналымының үштен бірін құрайды. Өткен жылдың қорытындысы бойынша бұл көрсеткіш 20 пайыз өсіп, 50 миллиард доллардан асты. Аталған көлемнің жартысынан көбі Қазақстан мен Ресей арасындағы саудаға тиесілі. Былтыр оның көлемі 28 миллиард долларға жетті. Ресей Қазақстан экономикасына қаржы құйған ірі инвесторлардың қатарына енді. Инвестиция көлемі 26 миллиард доллардан асты. Былтырдың өзінде Ресейден тікелей келетін инвестиция ағыны 33 пайыз ұлғайып, 4 миллиардтан аса долларға көбейген. Оған өнеркәсіп кооперациясын жедел дамыту мүмкіндік берді. Жалпы құны 21 миллиард долларды құрайтын 114 инвестициялық жоба жүзеге асырылды. Қазіргі уақытта 33 жоба бойынша жұмыс жүріп жатыр. Оның инвестиция көлемі 4,5 миллиардтан астам долларды құрайды.

– Ауыл шаруашылығындағы бірлескен жұмыстардың мүмкіндігі көп. Қазірдің өзінде оң нәтиже бар. Бірақ инновацияларды бірлесіп енгізуге екпін бере оты-

рып, мол табысқа жетуге болады. Бұл арада агротехнологиялық стартаптар құру, жер игерудің дәл технологиясын кеңінен қолдану, заманауи агрологистикалық алаңдарды дамыту, құзыреттер орталығын жасанды интеллектіні пайдалана отырып қалыптастыру жөнінде сөз болып отыр. Ресей әлемдегі ірі астық өндіруші және тасымалдаушы елдердің қатарына кіреді. Бұл бағытта Қазақстан да дүние жүзіндегі көшбасшылардың бірі. Осы саладағы зор әлеуетімізді ескере отырып, астықты терең өңдеудің бірлескен кластерін құру жобасын қарастыруды ұсынамыз. Бұл тек бидай мен ұн ғана емес, қосылған құны жоғары өнімдер шығаруға мүмкіндік береді. Біз сыртқы нарықта бір-бірімізбен бәсекеге түспей, агроөнеркәсіп кешенін жоғары технологиялық салаға айналдырудың стратегиялық пайымын негізге алуға тиіспіз. Жалпы, Орталық Азия елдері әлеуетінің синергиясы мен Ресейдің экономикалық мүмкіндіктері көпжоспарлы серіктестігіміздің мазмұнын байыта түседі.

– Еліміз үшін Ресеймен стратегиялық ықпалдастықтың маңызы зор. Географиялық тұрғыдан оңтайлы орналасқан Қазақстан еуразиялық көлік-логистика желісінің өзегі ретінде Шығыс пен Батысты, Солтүстік пен Оңтүстікті тұрақты байланыстыра алады. Ресей – өңір мемлекеттерінің әлем нарығына шығатын негізгі қақпасы. Сондықтан Ресеймен көлік-логистика саласындағы

«Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автокөлік дәлізінің өткізу мүмкіндігін арттыру үшін нақты қадам жасалуда. 2030 жылға қарай Қызылорда қаласынан Ресей шекарасына дейінгі учаске төрт жолақты қозғалысқа ауыстырылады.

ынтымақтастықтың стратегиялық сипаты айрықша маңызды. Қазақстан аумағы арқылы 11 халықаралық көлік дәлізі өтеді, яғни бес темір жол және алты автокөлік жолы. Оған Азия мен Еуропа арасында құрлық арқылы тасымалданатын жүктің 85 пайызы тиесілі. Соңғы 15 жылда саланы кешенді жаңғыртуға 35 миллиард доллардан аса қаржы жұмсалды. Нәтижесінде жүк тасымалының көлемі тұрақты түрде өсіп келеді. Ресейден Орталық Азияға Қазақстан арқылы темір жолмен тасымалданған жүк көлемі соңғы үш жылда 26 пайыз артып, 30 миллион тоннадан асты. Бұл ретте кері бағыттағы транзит шамамен 50 пайыз ұлғайды. Сонымен қатар Ресейден Қытайға еліміз арқылы тасымалданатын жүк көлемі 3 есе артып, 5 миллион тоннаға жетті.

– «Батыс Еуропа – Батыс Қытай»

автокөлік дәлізінің өткізу мүмкіндігін арттыру үшін нақты қадам жасалуда. 2030 жылға қарай Қызылорда қаласынан Ресей шекарасына дейінгі учаске төрт жолақты қозғалысқа ауыстырылады. Ресейлік және түрікмен серіктестерімізбен бірлесіп «Солтүстік – Оңтүстік» халықаралық көлік дәлізінің шығыс тармағын дамытамыз. Бүгінде бұл бағытта тасымал көлемі айтарлықтай ұлғайғанын көріп отырмыз. 2027 жылға қарай аталған көлік жолының өткізу мүмкіндігін еселеу жоспары тұр. Былтырғы қорытынды бойынша ондағы жүк тасымалы 2,5 миллионға жуық тоннаны құраған. «Солтүстік – Оңтүстік» дәлізінің шығыс тармағын инвестициямен және инфрақұрылыммен қамтамасыз ету бойынша бірлескен бағдарламаны іске қосу бағдардың әлеуетін толық ашуға әрі қажетті қаржыны тартуға септігін тигізер еді. Бұл бастамаға халықаралық қаржы институттары, даму банкітері мен инвестициялық қорларды тарта аламыз. Нақты айтқанда, Қазақстан мен Ресей ведомстволары осы мәселені менің 12 қараша күні Мәскеуге жасайтын сапарымның алдында талқылауына болады. Оңтүстік Азия нарығына Ауғанстан арқылы өтетін көлік дәлізін дамыту жобасының да перспективасы зор. Бірлес күш жұмылдырып, аталған мәселелерді жедел шешу үшін «Солтүстік – Оңтүстік» дәлізі аясындағы еуразиялық бағытты дамыту кенесін құруды ұсынамын. Кенесті елдеріміздің көлік ведомстволарының басшылары басқара алады. Оған мамандарды, сарапшылар мен кәсіпкерлерді мүше етуге болады.

– Ресей, Қазақстан және Өзбекстанның ұшжақты газ одағының арқасында өңірде жаңа энергетикалық жүйе қалыптасып келеді. Бұл халық пен өнеркәсіпті көгілдір отынмен сенімді түрде қамтамасыз етеді. Каспий құбыры консорциумының маңызына арнайы тоқталсам деймін. Былтыр осы желі арқылы шамамен 63 миллион тоннаға жуық отандық мұнай тасымалданды. Аталған проблеманы терең түсініп, нақты шаралар қабылдаған құрметті Владимир Владимирович, Сізге алғыс айтамын. Сонымен қатар шығыс тармағының да өзектілігі артып келе жатқанын байқаймыз. Қазақстан Ресей мұнайын Қытайға тасымалдауда маңызды рөл атқарады. Біз арқылы жылына 10 миллион тоннаға дейін мұнай жеткізіледі. Дегенмен өткен жылы тасымалданған мұнай көлемі бұл көрсеткіштен асып түсті. Транзит қарқынының өсуіне қарасак, оның көлемін арттыруға мүмкіндік бар. Бірнеше күн бұрын Санкт-Петербург қаласында Қазақстан мен Ресей арасында газ саласындағы ынтымақтастық жөнінде маңызды құжатқа қол қойылды.

Ықшамдалды

Өрине, Парламенттің ел басқарудағы орны бөлек. Парламенттік реформа бойынша құрылған жұмысшы тобының алғашқы отырысында Қ.Тоқаев айтқандай “Парламент – еліміздегі саяси жүйенің негізгі тірегі”. Кім-кімге де. Мемлекет басшысы үшін де, қоғамның жәй бір мүшесі үшін де. Өйткені баршамыздың бар тағдырымыз байланған заңдар осы Парламентте қабылданады. Мәжіліс қабылдайды, Сенат бекітеді. Содан да Парламентпен Президенттен бастап барлық билік өкілдері санасады.

Екіншіке орай соңғы кездері осы Парламенттің ел арасында беделі түсіп барады. Әлде бекітетін заңдарының әлсіздігінен бе? Болмаса, партиялық тізіммен өткен кей депутаттардың айтар ойы, көтеретін мәселелері елді қанағаттандырмайды? Әйтеуір, ай сайын бюджет есебінен бөлен мың айлық алып, тегін көлік мініп, тегін үйде тұрып, құр босқа ел аралап жүргендей, жұрт ел ішінен Парламент депутаттарын көрсе “бұлар неғып жүр?” деп зар қақсайтын болды... Әрі-беріден соң жұрт арасында “екі палаталы Парламент ұстап, бюджет қаржысын текке шығындамай, қысқартып-ақ жіберсек қайтеді?” деген ұсыныстар да жоқ емес.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев биылғы Жолдауында:

– Елімізде парламенттік реформа мәселесі кемінде жиырма жылдан астам уақыт бойы айтылып келеді. Осы мәселе ашық та, жабық та талқыланып жүргені ешкімге құпия емес. Бұл тақырып әлі күнге дейін өзекті болып отыр. Сондықтан мемлекеттік жүйе дамып, азаматтарымыздың саяси мәдениеті өсіп келе жатқанын ескере отырып, бұл мәселені халықтың талқысына салу айрықша маңызды деп санаймын, - дегені жоғарыдағылардың төмендегілердің пікірімен санаса бастағанының айқын көрінісі екені анық.

Мемлекет басшысының Жолдауының жарияланғанына да көп уақыт өткен жоқ. Парламентте реформа болатынын қуана қабылдаған көп жұрт Қ.Тоқаевтың Жолдаудағы Парламенттік реформалаудағы Сенат туралы:

– Сенат 1995 жылы елімізде күрделі әрі тұрақсыз саяси жағдай болып тұрған сәтте Парламенттің жоғары палатасы ретінде құрылды. Ол кезде мемлекеттігіміздің негізі енді ғана қалыптаса бастаған аса қиын жолдың басында тұрған едік. Сенатқа мемлекет құру ісіндегі тұрақтылықты қамтамасыз ету тарихи міндеті жүктелді. Өткен 30 жылда Сенат өзінің осы аса маңызды тарихи миссиясын абыроймен, тиімді атқарып шықты. Жоғары палата заң шығару үдерісінің, басқа да негізгі реформалардың айрықша маңызды тетігі әрі көпінлі болып келеді.

Баршаңызға мәлім, мен Сенатқа он жыл басшылық өттім. Бұл жұмысты қашанда зор мәртебе әрі үлкен жауапкершілік деп санадым. Сондықтан маған осы мінберден парламенттік реформа туралы айту оңай емес, - деп айтқанын іліп алып, тезірек Сенатты таратқанша асық. Содан да кешегі отырыста:

– Қазір ел ішінде, әлеуметтік желіде түрлі ой-пікірлер айтылуда. Басым көпшілігі мұны «әбден пісіп-жетілген мәселе» деп санайды. Тіпті, «Халықтың көбі қолдаған бастаманы талқылап, референдум өткізудің қажеті жоқ» деген ойлар да айтылып жатыр. «Реформаны созудың қажеті жоқ, таяу арада қысқа мерзім ішінде жасай салуға болады» деген пікірлер де бар.

Өрине, азаматтардың әртүрлі пікір айтып, белсенді болғаны жақсы үрдіс. Дегенмен парламенттік реформа – аса күрделі жұмыс. Асығыстыққа жол беруге болмайды. Себебі, бұл – еліміздің тағдырын шешетін жағдай. Бұл – мемлекеттің болашағына тікелей ықпал ететін қадам. Мұндай маңызды шешім кең ауқымды талқылау арқылы қабылдануға тиіс. Қазақстан – халық үніне құлақ асатын Әділетті мемлекет. Бұл – мызғымас ұстаным.

Мемлекет басшысы ретінде мен үшін Парламент – еліміздегі саяси жүйенің негізгі тірегі. Сондықтан алдымен Конституцияға бірқатар өзгеріс енгізу қажет болады. Негізгі заңның 40-қа жуық бабы өзгереді. Содан соң кем дегенде 10 конституциялық заң және 50-ден астам кодекс пен заңға түзету енгізу керек болады. Мұны жаңа Конституция қабылдаумен тең келетін іс деуге болады. Өрине, бұл жұмыстың бәрін табан астында, бір сәтте жүзеге асыру мүмкін емес. Тыңғылықты дайындық керек, - деді Қ.Тоқаев.

Расымен де, жұрт айтты екен деп, аяқ-асты қалыптасқан жүйені жаңарту оңай жұмыс емес. Тоқаевтың әрбір сөзінен, қадамынан қайсыбір мәселеде болмасын қоғам үніне мән беріп, ел ойындағыдай жасап жатқаны байқалады. Бірақ “Ақылмен істелінбеген іс, бойға салмақ”, әрі “Келіспей пішкен тон келте”, “Асығыстық жарға жығады”.

Қазір Парламентті реформалаудың дайындығы басталды. Бұл ретте мемлекет басшысы:

– Біріншіден, біз барлық реформаны тек эволюциялық жолмен жүргіземіз. Яғни азаматтардың сұранысы, төл ерекшелігіміз бен еліміздің түпкі мүддесі ескеріледі. Парламенттік реформа кезең-кезеңімен іске асырылып келе жатқан ауқымды саяси жаңғырудың қисынына сай келеді. Естеріңізде болса, саяси реформалардың төрт пакеті аясында парламенттік оппозиция туралы норма бекітілген еді. Онда өкілдері аз партияға Мәжілістің тұрақты комитеттерінің бірінде төрағалық лауазым атқару және парламенттік тыңдау өткізу туралы бастама көтеру құқығына келіндік берілді.

Бұдан бөлек, партиялар Парламентке өтуі үшін сайлаудың төменгі шегі азайтылды. Содан соң 2022 жылы жүргізілген конституциялық реформаның арқасында біз Мәжілістің құзыретін елеулі түрде кеңейттік. Нақты айтқанда, бүгінде Мәжіліс заң қабылдайды, ал Сенат мақұлдайды. Бұл алғашқы қадамдар еді. Енді соңғы жылдары қоғамдағы саяси мәдениеттің едәуір өскенін ескере отырып, біз бірте-бірте және байыпты жолмен бір палаталы Парламентке өтуді бастаймыз.

Екіншіден, парламенттік реформа «Құшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» саяси формуласына толық сай келеді. Жаңа да атап өттім, бұл – мемлекетіміздің құрылымын айқындайтын басты тұжырым. Түптеп келгенде, парламенттік реформа және осыған дейін жүзеге асырылған реформалар біздің аймақта бұрын-соңды болмаған, шын мәнінде, жаңа басқару жүйесінің негізін қалайды.

Сондай-ақ тағы бір маңызды мәселеге назар аударғын келеді: Парламентті реформалау, бұл – Сенатты тарату деген сөз емес. Мұндай қате пікірге жол беруге болмайды. Біздің алдымызда тұрған мақсат – айқын. Біз өкілді билік тармағын түбегейлі жаңғыртуымыз керек. Осылайша, азаматтарымыздың мүдделері мен тілек-ниетін білдіретін заң шығарушы орган мүлде жаңа сипатқа ие болады.

Үшіншіден, алдағы реформа экономика, әлеуметтік және технологиялық даму секілді басқа да салалардағы жан-жақты жаңғырулармен үйлесім табады. Мысалы, цифрландыру мен жасанды интеллектіні енгізу күллі әлемдегі мемлекеттік басқару жүйесін өзгертетіні сөзсіз. Бірқатар елде қазірдің өзінде «электрондық немесе цифрлық парламент» элементтері сынақтан өткізіле бастады. Бұл азаматтарды саяси өмірге араластырудың жаңа формаларын қамтамасыз етіп, заң шығару үдерісінің тиімділігін арттыру мақсатында жасалады.

Келешекте бұл үрдіс күшейе түспек. Сондықтан біз де осы бағытқа саналы түрде күш саламыз. Алдағы уақытта е-Parliament қазіргі электрондық үкімет – е-Gov сияқты сұранысқа ие құралға айналуы мүмкін. Сол себепті бір палаталы Парламентке өту бір есептен жұмыстың жаңа қалыбы мен қарқынына, тез шешім қабылдауға бейімделуді көздейді. Яғни заман өзгеріп жатыр, ол өз талабын орындайды, е-Parlament жүйесі қыр астында тұр. Жақында өмірімізге дендеп енуі мүмкін. Сондықтан заң қабылдауда мүлде қате жіберуге болмайды. Заң шығару жұмысын жақсартудың жаңа тетіктерін енгізу аталған үдеріспен қатар жүруі қажет. Мұны халықаралық тәжірибе де көрсетіп отыр, - деп отыр.

Жұрт көкейінде тағы бір сұрақ бар: сонша реформа жасап жатқанымызда жаңа Парламентке өткен депутаттарымыз тағы да популизмге бой алдырып, төменгі елдің хабарын төбеге тура жеткізбей, елдік мүдде орнына “поле чудес” ойнап жатса не істейміз? Үндемейтін, үндесе елге жақпайтынды айтып “ұйдей бөлеге қалатын”, “ұйқыдап отыратын”, ұйқысынан оянаса, “бір ауыз сөзімен” елді жік-жікке бөлетін депутаттар тағдырымызға тағы кез болса, онда Парламенттік реформаның не қажеттілігі бар?

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев кешегі отырыстағы өз сөзінде бұл мәселені де қамтып кетіпті.

– Бұл ретте болашақ депутаттар корпусының білімі мен білігі маңызды факторға айналады. Олардың қатарында нағыз кәсіби мамандар болуы керек. Парламент кәсіби болуға тиіс. Бұл – өте маңызды міндет. Парламентті пропорциялық жүйемен, яғни партиялық тізіммен жасақтау туралы ұсыныс дәл осы міндеттен туындап отыр. Бір палаталы Парламентте партиялардың көп болуы саяси диалогты кәсіби негізде өрбітуге ынталандырады. Жаңа жағдай партия жұмысына тың талаптар қояды. Демек популизм цифрландыру кезеңінде маңызды рөл ойнамайды, керісінше, кәсібиліктің бәсі жоғарылай түседі.

“Үмітсіз – шайтан”. Үміттенейік. Өзірге Жолдауда айтылғандай:

– Өзірге Мәжілістің қазіргі құрамы барлық заңдық рәсімдер аяқталғанша өз ісімен айналыса береді. Сенат жалпыұлттық референдумның қорытындысы шығып, жаңа Парламент сайлауы өткенге дейін алаңсыз жұмыс істейді. Ал саяси партиялардың бәсекелі тартысқа дайындалуына уақыты болады.

ЖАСЫ ҰЛҒАЙҒАНДАР КӨП ДЕЙДІ... ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР КӨПТІК ЕТПЕЙДІ...

БҰҰ мәліметі бойынша әлем қартайып келеді. Қазір жер үсті тұрғындарының орташа өмір жасы ұзақтығы 73 жас болып отыр. Салыстырмалы түрде айтар болсақ, 1960-шы жылы жер бетінде 65 жаста және одан асқан 150 млн. адам болса, қазір 5%-дан астам өскен, яғни 850 млн. адамға жеткен. Ендігі болжам бойынша олардың қатары 2050-ші жылға қарай 17%-ға артады дейді.

Өрине, өмір сүру сапасының жақсаруы, әралуан технологиялардың қол еңбегін жеңілдетуі, медицинаның дамуы өмір жасын ұзартатыны сөзсіз. Бұдан бөлек бала туудың азаюы да қоғамда жастарға қарағанда ересектердің көбеюіне әсер ететіні де даусыз. Содан да, әсіресе дамыған елдерде “қартаю” процессі жедел жүруде. Мәселен, жапон елінде 125 миллионнан астам тұрғын бар болса, соның 30%-ы жасы ұлғайғандар екен. АҚШ-тың өзінде де бұлғын жылдың өзінде 4,18 млн. адам зейнеткер. Бір күнге шаққанда күніне орташа есеппен 11,4 мың адам зейнетке шығады.

1950-ші жылдары дамыған елдерде тұрғындардың 8,3%-ы егде жастағылар болса, қазір 18,5%-ы сол егде жастағылар. Демек, ел тұрғындары арасында жастар үлесі азайып, зейнеткерлер көбейіп келеді.

Еңбекке қабілетті, белсенді тұрғындардан гөрі егде жастағылардың көбеюі қайсыбір мемлекетте болмасын ауыр салмақ. Мәселен Халықаралық еңбек ұйымдары мәліметі бойынша әлемде әлеуметтік төлемдердің барлығының орташа есеппен 39%-ын зейнетақы “жұтады” екен. Орташа табысы бар елдердегі әлеуметтік төлемдердің жартысы дерлік зейнеткерлер үлесінде.

ЕС КЕТПІ, ЖҮЙКЕ ЖҰҚАРЫП БАРАДЫ...

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша әлем бойынша 1 млрд.-тан астам адамның жүйкесі жұқарған, үреймен өмір сүреді, депрессияға ұшыраған.

Жыл сайын олардың қатары көбейіп келеді. Мәселен 2018-ші жылы олардың саны 792 млн., 2020-шы жылы 875 млн., 2022-ші жылы 900 млн. болса, 2024-ші жылы 970 млн.-ға жеткен. Алайда, оларды емдейтін қаржы көлемі сол 2017-ші жылдың деңгейінде қалып қойған. Ең қызығы жоғары табысы бар елдер тозған жүйкені жақсартуға адам басына 65 доллардан ақша бөлсе, табысы төмен елдер бар болғаны 0,04 доллар көлемінде ақша бөледі екен.

ЖЕР АСТЫНА ТҮСІП ЖАТҚАНДАРДЫҢ ОЙЫНДА НЕ БАР?

ҚАЗАҚСТАН ЦИФРЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР КЕЗЕҢІНЕ ҚАДАМ БАСТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауын жариялады. Бұл бағдарламалық құжат ел дамуының стратегиялық бағдарын айқындап, мемлекеттік саясаттың алдағы жылдардағы маңызды бағыттарын белгілеп берді.

Жолдауда цифрлық күн тәртібін ілгерілетуге айрықша мән берілді. Мемлекет басшысы жасанды интеллектіні кеңінен енгізу және ауқымды цифрландыру еліміздің стратегиялық бағдарының негізгі тетігі болуы керек екенін айтты. Шын мәнінде мұндай қадам Қазақстанның барлық сектордағы әлеуетін айтарлықтай арттырып, экономика мен әлеуметтік саланы сапалы жаңа деңгейге шығаруға жол ашады.

Президентіміз түбегейлі цифрлық өзгерістердің түпкі мақсаты – азаматтардың әл-ауқатын арттыру, олардың өмір сүру сапасын жақсарту және елдің бәсекеге қабілеттілігін нығайту екенін ерекше атап өтті. Осыған байланысты Қазақстанды толыққанды цифрлық держава ретінде қалыптастыру таяу жылдардағы басым міндеттердің бірі болып белгіленіп отыр. Сол арқылы жаңа технологиялар экономикалық жаңғырту мен әлеуметтік тұрақтылықтың негізіне айналады.

Көздеген мақсатқа қол жеткізу үшін цифрлық дамудың негізгі бағыттарын, соның ішінде жасанды интеллект, платформалық экономика, үлкен дерекқорларды пайдалану және басқа да салаларды айқындайтын Цифрлық кодексті тезірек қабылдау аса маңызды. Депутаттар бұл жұмыспен осы сессия барысында белсенді айналысатынын атап өткен жөн. Сонымен қатар Президентіміз барлық цифрлық бастамаларды жалпыұлттық бағдарламаға біріктіретін «Digital Qazaqstan» бірыңғай стратегиясын әзірлеуді тапсырды.

Жолдауда инвестициялық саясатқа да ерекше назар аударылды.

ЖЕМҚОРЛЫҚСЫЗ БОЛАШАҚ – ЖАРҚЫН КЕЛЕШЕКТІҢ КЕПІЛІ

Сыбайлас жемқорлық – қоғам дамуына, мемлекеттің тұрақтылығына және халықтың әл-ауқатына айтарлықтай зиян келтіретін әлеуметтік кесел. Ол тек экономикалық шығынмен шектелмей, адамдардың мемлекетке және заңға деген сенімін әлсіретеді. Сондықтан да сыбайлас жемқорлықпен күресу – бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Қазақстанда бұл бағытта ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Мемлекеттік қызмет жүйесін жетілдіру, цифрлық технологияларды енгізу, мемлекеттік органдардың ашықтығы мен есептілігін арттыру – жемқорлық тәуекелдерін азайтудың тиімді тетіктері болып отыр. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң мен ұлттық жобалардың жүзеге асуы – осы бағыттағы нақты нәтижелердің айғағы. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда білім беру мен тәрбиенің рөлі ерекше. Жастар бойында адалдық, әділдік және жауапкершілік қасиеттерін қалыптастыру – болашақта парасатты, саналы ұрпақ тәрбиелеудің негізі. Әрбір азамат өз ісіне адал болып, қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінгенде ғана елімізде әділдік пен сенім салтанат құрады. Сондықтан жемқорлықсыз болашақ құру – баршамыздың борышымыз және ел келешегінің кепілі.

Үсенғазин Аралбай Наурызұлы «Сұлтөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бас маманы

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМ ДЕРТІ

Сыбайлас жемқорлық–қазіргі заманның өзекті және қауіпті әлеуметтік мәселелерінің бірі. Бұл құбылыс мемлекеттік басқару, құқық қорғау, білім беру, денсаулық сақтау және басқа да көптеген салаларға елеулі зиянын тигізіп келеді. Сыбайлас жемқорлық – тек жеке пайда үшін қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану ғана емес, ол қоғамның әділеттілікке, заң үстемдігіне және дамуға деген сенімін жояды.

- Сыбайлас жемқорлықтың қоғамға тигізер зияны зор. Ол:
 - Экономикалық дамуды тежейді. Инвесторлар сыбайлас жемқорлық белең алған елдерге қаражат салуға құлықсыз.
 - Әлеуметтік теңсіздікке алып келеді. Қарапайым халық заңмен қорғалмай, тек бай мен билігі барлар артықшылыққа ие болады.
 - Жастардың болашағына балта шабады. Сыбайлас жемқорлықпен келген білім мен мансап жастардың әділ жолмен жетуіне кедергі болады.
 - Мемлекетке деген сенімді әлсіретеді. Халықтың билікке деген сенімі жоғалса, қоғамда тұрақсыздық артуы мүмкін.

Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдар қабылданып, түрлі бағдарламалар жүзеге асырылуда. Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бұл бағытта белсенді жұмыс жүргізіп келеді. Алайда, тек қана заңмен шектелу жеткіліксіз. Қоғамның әрбір мүшесі жемқорлыққа қарсы тұруға атсалысуы қажет.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес – тек мемлекет пен құқық қорғау органдарының ғана емес, әр азаматтың борышы. Білімді, адал, патриот азаматтарды тәрбиелеу – осы дертті жеңудің негізгі жолы. Балаларға жастайынан әділдік пен адалдық ұғымын сіңіру – болашақ жемқорлықсыз қоғамның негізі. Сыбайлас жемқорлық – қоғамның дамуына кедергі келтіретін қауіпті дерт. Онымен күресу – баршамыздың ортақ міндетіміз. Әділдік пен заң үстемдік құрған қоғамда ғана шынайы даму, өркендеу мен тұрақтылық болады.

Айтбек Жанерке Ғафұрқызы «Еңбекші ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бас маманы

МЕНШІК ИЕСІ:	Редакцияның мекен-жайы:
«Желтоқсан и К» ЖШС	Қызылорда қаласы Абай даңғылы, 59/1
Бас редактор Сәрсенкүл Бәйдешқызы БИҚОЖАЕВА	Телефон: 23-16-08 23-16-11
Бас редактордың орынбасары Айдана ӘЛИАРЫСТАН	

Мемлекет басшысы Үкіметке шетелдік капиталды тарту тетіктерінің тиімділігін қайта қарауды және арттыруды, сондай-ақ, өңдеу өнеркәсібі мен жоғары технологиялық салаларға баса мән бере отырып, жаңа инвестициялық кезеңді бастауды міндет етіп жүктеді. Белгіленген басымдықтардың қатарында бәсекелестікті күшейтетін, экономика, қаржы жүйесіндегі технологияларды дамытуға және цифрлық активтер айналымын либерализациялауға ықпал ететін Банктер туралы заң қабылдау бастамасы да бар.

Мемлекет басшысы ауылшаруашылығын дамыту саласына да ерекше назар аударды. Парламентке Еуразиялық экономикалық одақ аясында отандық өнім өндірушілерді қорғауды заңмен қамтамасыз етуге қатысты нақты міндет жүктелді. Бұл қазақстандық кәсіпкерлердің жағдайын құқықтық тұрғыдан күшейтуге және аграрлық саланың экспорттық әлеуетін нығайтуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын мен құрылыс саласындағы басымдықтарды белгілеп берді. Бұл ретте жасанды интеллект технологияларының көмегімен ғимараттарды ақпараттық модельдеу әдісін кеңінен қолданудың маңызы зор. Сондай-ақ құрылыстың барлық кезеңіне толық мониторинг жүргізуді қамтамасыз ететін ұлттық цифрлық платформаны іске қосу да қажетті шешім болғаны анық. Осы орайда депутаттарға маңызды тапсырма берілді. Ол – саланың қауіпсіз әрі ашық болуына және тұрақты дамуына берік заңнамалық негіз қалайтын жаңа Құрылыс кодексін жыл соңына дейін қабылдау.

Жолдаудың негізгі ерекшеліктерінің бірі – Мемлекет басшысының парламенттік реформа жүргізу туралы ұсынысы болғаны белгілі. Бұл бір палаталы Парламентке көшуді көздейді. Аталған бастама – тарихи мәнге ие және Президентіміздің Әділетті Қазақстан құру, демократиялық институттар мен

тетіктерді күшейту жолындағы байыпты бағдарының логикалық жалғасы.

Мемлекет басшысы Сенат 1995 жылы елімізде құрделі әрі тұрақсыз саяси жағдай болып тұрған сәтте құрылғанына назар аударды. Сондай-ақ Палата өткен 30 жылда мемлекеттік құрылымның тұрақтылығын, заңнама жүйесін дамытуды және негізгі реформалардың іске асырылуын қамтамасыз етіп, өзінің аса маңызды тарихи миссиясын абыроймен, тиімді атқарғанына тоқталды. Осыған байланысты еліміздегі саяси жүйе мен саяси мәдениеттің дамуын және азаматтық жауапкершілік деңгейінің көтерілуін ескеріп, Қазақстанның парламенттік жүйесін жетілдірудің жаңа кезеңін талқыға салатын уақыт жетіп отыр.Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев мұндай маңызды реформа тек ашық әрі жан-жақты қоғамдық талқылау негізінде ғана іске асырылатынын айтты. Соған сәйкес Мемлекет басшысы бір палаталы Парламентке көшу мәселесін азаматтардың және сарапшылардың қатысуымен бір жыл көлемінде талқылауды ұсынды. Бұған қатысты қорытынды шешім жалпы халықтың пікірін ескере отырып, жалпыұлттық референдум арқылы қабылданбақ.

Жалпы, Президент Жолдауын Қазақстанды жаңғыртудың жаңа замандағы кешенді жол картасы деп қабылдаймыз. Себебі, жасанды интеллект пен цифрлық шешімдерді жаппай енгізу алдағы жылдары мемлекетіміздің бәсекеге қабілеттілігінің маңызды шарты әрі орнықты дамудың кепілі болатыны сөзсіз.Президентіміз жүктенген міндеттерді жүзеге асыру – Үкімет пен Парламенттің ғана жауапкершілігі емес, барша азамат үшін ортақ іс.Біз жудырықтай жұмысқа қана байыпты даму және Әділетті, Қуатты әрі Заманауи Қазақстанды құру бағдарын одан әрі табысты жалғастыра аламыз.

Гүлнаш ЕСПЕНБЕТОВА, Сырдария аудандық мәслихат аппаратының бөлім басшысы

2025 жылдың ІVтоқсанында Қармақшы ауылдық округі әкімінің жеке және заңды тұлғаларды қабылдау кестесі

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін қызметкердің аты – жөні	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін қызметкердің лауазымы	Қабылдау жүргізетін күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Қармақшы ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Естараев Аязбек Тайжанович	Қармақшы ауылдық округі әкімі	Апта сайын Сәрсенбі, бейсенбі күні: сағат 17.00-19.00-ге дейін	Қармақшы ауылы, Сейфуллин көшесі, №6 үй	26-2-65
Сенім телефоны 8(72437)26-2-65					

СЕНИМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі» және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес Сырдария аудандық мәслихатында «21-5-44» сенім телефоны жұмыс жасайтындығын хабарлайды.

«Сырдария аудандық мәслихат аппараты» мемлекеттік мекемесінің жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі

Тегі, аты, әкесінің аты	Атқарған қызметі	Қабылдау кестесі	Уақыты	Байланыс телефоны
Әжікенов Ержан Ертарғынұлы	Мәслихат хатшысы	Сейсенбі Жұма	15.00-18.00	21-5-44
Божан Гүлназ Әбдісалыққызы	Аппарат басшысы	Күнделікті	09.00-13.00 15.00-19.00	22-4-52
Еспенбетова Гүлнаш Сағатқызы	Бөлім басшысы	Күнделікті	09.00-13.00 15.00-19.00	21-0-57

“Жіңішкеқұм ауылдық округі әкімінің аппараты” коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының 2025 жылдың ІҮ тоқсанына жеке және заңды тұлғаларды қабылдау кестесі

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның аты-жөні, лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның мекен-жайы	Байланыс телефоны
“Жіңішкеқұм ауылдық округі әкімінің аппараты” коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Әлішев Мұхансерік Қуандықұлы Ауыл әкімі	Әр аптаның сәрсенбі, жұма күндері (сағат 15.00-ден 17.00-ге дейін)	Арал ауданы Токабай ауылы, Қ.Бердімағанбетов көшесі №128 үй	8(724 33-4-40-01)

(E-mail: a_akshamy@mail.ru) Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп №14611-Г «7» қараша 2014 жылы куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж Газет аптасына бір рет жарық көреді	ТАРАЛЫМЫ: 4000 Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINТ» баспаханасында басылды. Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49 Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы Тапсырыс	Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді. Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды. Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек. Сурет сапасына редакция жауап бермейді
---	--	---

БОЛАШАҚ – СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚСЫЗ

Сыбайлас жемқорлық бүгінде тарихы тереннен бастау алып, бүкіл әлем қоғам-дастығына қауіп төндіріп отыр. Біздің елімізде де бұл мәселеге қарсы күрес шаралары тәуелсіздік алған сәттен бастап мемлекеттің бірінші кезектегі міндетіне айналды.

Жемқорлықпен күрес барысы күн сайын қарқын алып келеді. Дегенмен, өкінішке қарай жегіқұртқа айналған осы бір қатерлі дерттен бойын аулақ ұстағысы келмейтіндердің қатары да уақыт өткен сайын артып келеді. Қоғамымыздың барлық саласына дендеп еніп бара жатқан жемқорлықтың жолына батыл тоқсауыл қойып, зардабын жою және мүдделілерді жауапқа тарту – бүгінгі күннің ең басты міндеттерінің бірі. Осындай олқылықтарға жол беруден аулақ болған дұрыс. Бүгінгі таңда мемлекетіміздің ұйымдасқан қылмыс және сыбайлас жемқорлықпен күрес саласында экономикалық даму процестерінің басқарылуына, ұйымдық-құрылымдық буындардың тиімді жолдарына, ішкі өзін-өзі бақылау жүйесін құруға және қылмыстың алдын алуға басты назар аударылуы тиіс.

Қазіргі таңда қоғамымызға қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келеңсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатан қолға алынып жатыр. Елімізде жемқорлықпен және ұйымдасқан қылмыстықпен күресті күшейту шараларына орай арнайы заңдар мен мемлекеттік бағдарлама қабылданып, жүзеге асырылуда. Қазірдің өзінде біз жемқорлыққа қарсы рухани күшімізді, ата заманнан келе жатқан ұлттық ұлағатымызды қарсы қоя алмай келеміз. Сыбайлас жемқорлық ежелден қоғамдық өмірдің ажырамас бөлігіне айналып келе жатқандығы баршамызға мәлім. Жемқорлық деген ұғым біздің қоғамымызда өз шешімін таба алмай келе жатқан өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Бұл тек біздің елімізде ғана емес халықаралық деңгейде де дәрежесі мықты жаһандық мәселелермен тепе-тең тұр. Жемқорлық деген елімізге дендеп енген аждахананы жеңу мүмкін болмаса да, оны саябырсытуға мүмкіндігіміз мол. Бұл мәселемен күресу үшін қазірден жастардың санасына жемқорлық індет екенін, өсіп келе жатқан жас ұрпақтың санасына жемқорлық емес, ізгілік, адамгершілік деген ізгі сезімдерді сіңіру ортақ парызымыз. Сондықтан қоғамды жегідей жеп жатқан қауіпті індетпен көп болып күресейік дегім келеді.

Д.К.КЕЛДИБАЕВА
Қызылорда облысы бойынша
Қазынашылық департаменті басшысының орынбасары

ТАРАПТАР СОТТА БІТІМГЕ КЕЛДІ

Талап қоюшы Полиция департаменті сотқа жүгініп, жауапкер Д.-ның атына 2007 жылы шығарылған көлік құралы тіркелгенін, алайда, оны бастапқы тіркеу кезінде төленуі тиіс алымның төленбегенін көрсетіп, 6 945 000 тенге алым сомасын өндіруді сұраған.

Сот отырысы барысында тараптар өзара келісімге келгендерін көрсетті. Келісіміне сәйкес, жауапкер талап қоюшы-ға бастапқы тіркеу үшін төленбеген жалпы соманың бір бөлігін - 4 475 290 төлегенін көрсетіп, қалған 2,4 миллион тенгеге жуық алымды 2025 жылғы 10 қазаннан бастап ай сайын 50 000 тенгеден төлеп отыруға міндеттенді.

Сот тараптар ұсынған татуласу келісімін бекітіп, іс жүргізуді тоқтатты. **Қызылорда қалалық соты**

МЕМЛЕКЕТТІК БАЖ ҚАЙТАРЫЛДЫ

Қызылорда облысының маманданды-рылған ауданаралық экономикалық сотына талап қоюшы «Т» серіктестігі жауапкер мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнынан қарыз сомасы 950 000 тенге өндіру туралы талап қоюмен сотқа жүгінген.

Сот тараптарға дауды татуласу рәсім-дерімен, оның ішінде сотқа дейінгі хатта-маны толтыру жөніндегі құқықтарын түсін-діріп, нәтижесінде, тараптар дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімге келген.

Азаматтық іс бойынша дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісім бекітіліп, төленген мемлекеттік баж 28 586 тенге талап қоюшыға қайтарылып, азаматтық іс жүргізу өндірістен тоқтатылған.

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты

ҰЛТ пен ҰРПАҚ ЖАДЫНДА САҚТАЛЫП КЕЛЕДІ

■Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен «Қорқыт және Ұлы дала сазы» халықаралық фольклорлық-музыкалық өнер фестивалінің аясында «Қорқыт мұрасы: Түркі әлеміне ортақ эпикалық құндылықтар» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті. Қызылордадағы Өнер орталығында «Қорқыт және Ұлы дала сазы» халықаралық фольклорлық-музыкалық өнер фестивалінің гала-концерті өтті. Фестиваль Қызылорда облысы әкімдігінің қолдауымен, халықаралық «Түркі мәдениеті және мұрасы» қорымен бірлесіп ұйымдастырылған. Оған «Түркі мәдениеті және мұрасы» қорының президенті Ақтоты Райымқұлова, Түркия, Әзербайжан, Қырғызстан, Өзбекстан және отандық белгілі ғалымдар, зерттеушілер, мәдениет пен өнер майталмандары, зиялы қауым өкілдері, қоғам қайраткерлері қатысты.



Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев фести- вальдің түркі халықтарының мәдени байланысын нығайтудағы және ұлттық өнерді дәріптеудегі маңызын атап өтіп, бауырлас елдерден келген қонақтарға алғысын білдірді.

– «Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы күні кеше Әзербайжан Республикасының Габала қаласында өткен Түркі мемлекеттері ұйымының 12-ші саммитінде: «Түбі бір түркі жұртының тари- хы тамырлас, халықтарымызға ортақ сан ғасырлық шежіреміз бар деп үнемі айтып жатырмыз. Мұның бәрі – берекелі бірлігіміз бен мәңгілік ынтымағымыздың алтын арқауы», – деген болатын.

Бауырлас халықтардың рухын көтеру, фольк- лорлық-музыкалық өнерін дәріптеу, өзара мәдени байланысын нығайтуда фестивальдің маңызы зор.

Қорқыт баба мұраларының Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы ЮНЕСКО-ның ғаламдық мате- риалдық емес мұралар тізіміне енгізілуі – жылдар бойы бірлесіп атқарған жұмысымыздың нәтижелі жемісі.

Күллі түркі дүниесінің назарын өзіне аударған, кең даланы жығра бөлеп, нұрға толтырған бұл дәстүрлі өнер мерекесі – ұлттық рухымыздың, түркі жұртының мәңгілік мұрасы мен мәдени сабақтастығының

жарқын көрінісі. Түркі халықтарының бірлігі мен рухани тұтастығы нығая берсін! Тәуелсіз еліміздің тұғыры биік, егемендігі еңселі болғай!», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

«Түркі мәдениеті және мұрасы» қорының президенті Ақтоты Райымқұлова түбі бір түркі туыс- тардың басын қосқан халықаралық іс-шараны жоғары деңгейде ұйымдастырған Қызылорда облысының басшылығына алғысын айтты.

Концертте әйгілі жыраулар мен жыршылардың кайталанбас мақамдарын бүгінге жеткізген, ұлттық өнеріміздің шынайы насихатшыларына айналған Сыр сүлейлерінің ізбасарлары Елмұра Жанаберген, Ұлжан Байбосынова, Ақмарал Ноғайбаева, Шолпан Биімбетова, Майра Сәрсенбаева, Серік Жақсығұлов, Күнсұлу Түрікпен, Бисембек Төлеубай және Жетісу жыр мектебінің түлегі Нұржан Жанпейісов, Арка мектебінің өкілі Біржан Есжанов, Салтанат Ерсұлтан жыр жырлады.

Ресей Федерациясының Алтай Республикасынан келген Урмат Ынтаев, Айдын Орсұлов табиғатқа, ата-баба рухына және ерлік жырларына негізделген көшпелі халықтың әуені өз болмысын жоғалтпағанын

нәр алғанын, туыс халықтардың әндері мен әуендері бір-бірімен үндесіп, бауырлас елдердің бірлігін күшейтетінін тағы бір дәлелдеді.

Алқалы жиынға «Түркі мәдениеті және мұрасы» қорының президенті Ақтоты Райымқұлова, Түркия, Әзербайжан, Қырғызстан, Өзбекстан және отандық белгілі ғалымдар, зерттеушілер мен мәдениет майталмандары қатысты.

Аймақ басшысы Президент бекіткен «Түркі әлемі- нің келешегі – 2040» құжаты аясында ортақ құнды- лықтарды дәріптеу маңызды басымдық екенін атап айтты.

– «Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Түркі әлемінің келешегі – 2040» атты құжат бекі- тілді. Ең бастысы, бауырлас елдердің бірлігін бекемдей түстік. Ортақ құндылықтарымызды төрткүл дүниеге таныттық. Біз бабалар өсиетін орындап, түркі елдерінің ынтымағын нығайтып келеміз. Ендігі мақсат – өзара сенім мен бауырластыққа негізделген бірлігімізді сақтап, өскелең ұрпаққа табыстау», – деген болатын.

Қорқыт ата – түбі бір түркі халықтарына ортақ рухани тұлға, ел бірлігі мен мәңгілік өмір идеясының символы. Оның даналығы, мұрасы, тағалымы ғасырлар бойы рухани тірегімізге айналып, ұлт пен ұрпақтың жадында сақталып келеді. Бүгінде Қорқыт мұрасын зерттеу – өткенді тану ғана емес, болашағымызға бағытталған рухани миссия. Осы мақсаттағы ғылыми ізденістер мен халықаралық байланыстар түркі халықтарының мәдени тұтастығын нығайтуға, рухани үндестігін арттыруға зор үлес қосты», – делі Нұрлыбек Машбекұлы.

Конференцияда «Түркі мәдениеті және мұрасы» қорының президенті Ақтоты Райымқұлова, Әзер- байжан Ұлттық Ғылым академиясы фольклор инс- титутының директоры Хикмет Кулиев, Қазақ Ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымда- рының кандидаты Анарбай Бұлдыбай, Қырғыз Рес- публикасы Ұлттық Ғылым академиясы Ш.Айтматов атындағы Тіл және әдебиет институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы Жылдыз Орозобекова, Қажы Байрам Вели атындағы Анкара университетінің профессоры Мехмет Чевик, Түркияның белгілі этно музыка танушысы, ғалым Фикрет Каракая, Өзбекстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының Ә.Науаи атындағы Мемлекеттік әдебиет музейінің директоры, фило- логия ғылымдарының докторы, профессор Жоппор Эшонқұлов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайрат- кері, жырау, ұстаз Алмас Алматов, филология ғылым- дарының кандидаты Рахымш Жұмашай, Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясының доценті Ұлжан Байбосынова пікір білдірді.

2018 жылы Қорқыт ата мұралары ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енді. Ұлы ойшылдың рухына тағызм ету, мұрасын сақтау және кеңінен насихаттау бағытында жүйелі жұмыс жалғасуда.

Бүгінде Қармақшы ауданындағы Қорқыт ата мемориалы – туристердің рухани демалыс орны, кешен басында келушілерге барлық жағдай жасалған. Қызылорда қаласындағы «Қорқыт ата кітабының 1300 жылдығына» арналған аллея жаңғыртылып, тұрғын- дардың саялы орнына айналды. Қорқыт ата халық- аралық әуесжайының жаңа терминалы іске қосылды.

Орта ғасырлық тарихи-мәдени мұраларды халық- аралық деңгейде таныту үшін Ұлттық музей, ТҮРКСОЙ ұйымы және Туркияның Мәдениет және туризм министрлігімен бірлескен шаралар өткізілуде. Қазба жұмыстары кезінде табылған жәдігерлер негізінде «Шірік Рабат сақ жауынгері», «Сығанақ ханшайымы», «Үлгіскен көсемі», «Жетіасар ақсүйек әйелі» мүсіндері жаңғыртылып, ғылыми айналымға енгізілді.

ҚЫЗЫЛОРДАДА НАН ӨНІМДЕРІ КЕШЕНІ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Қызылордада «Қызылорда-Нан» серіктестігі нан өнімдерін шығару кешенінің ашылу рәсімі өтті. Салтанатты шараға зиялы қауым өкілдері, ел ағалары, қала тұрғындары қатысты.

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев өңірде жүзеге асырылған ірі инвестициялық жобаларды атап өтіп, жиналған қауымды жаңа нысанның ашылуымен құттықтады.

– «Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Экономиканы әртараптандыруды тың қарқынмен жалғастыру керек. Ішкі және сыртқы нарықта бәсекеге қабілетті, терең өңделген өнім шығаруға басымдық

шықты. Жыл соңына дейін жаңа жобаларды іске қосу есебінен жоспар 716 млрд. теңгеге дейін артығымен орындалады. Тікелей шетелдік инвестиция тарту бойынша 280 млн. АҚШ доллары бекітілген, осы жылдың ІІ тоқсанында 172,9 млн. АҚШ доллары тартылып, жоспар 62%-ға орындалды.

Бүгін өңір экономикасына тың серпін беретін «Қызылорда-Нан» серіктестігінің нан өнімдері кешенінің ашылу салтанатында бас қостық. Баршаңызды жаңа кәсіпорынның іске қосылуымен шың жүректен құттықтаймын. Жобаға атсалысқан инвесторларға, құрылысшыларға,

Құрмет Грамотасымен марапатталды. Құрметкерлерге облыс әкімінің Алғыс хаты табысталды.

Қызылордада алғаш рет 1957 жылы іске қосылған бұрынынан нан зауыты 1995 жылға дейін тұрғындарды сапалы өніммен қамтамасыз еткен болатын. Араға отыз жыл салып, бұл игі дәстүр жалғасын тауып, жаңа кешен жұмысын бастады.

Жалпы 5,6 миллиард теңге қаржы жұмсалған бұл кешен – тек өндірістік ғана емес, әлеуметтік және ұлттық маңызға ие ірі нысан. Бүгінде мұнда 120 адам еңбек етуде, алдағы уақытта жұмыс орындарының саны 170-ке дейін көбейеді.



берілуге тиіс», – деген болатын.

Өңірімізде қолайлы инвестициялық климат қалыптасып, ауқымды жобалар жүзеге асырылуда. 2022-2024 жылдары аймақ экономикасына 1 триллион 600 млрд. теңгеге жуық инвестиция тартылды.

Биыл 631 млрд. 400 млн. теңгеден астам инвестиция тарту бағытында жұмыс жүргізілуде. Өткен 8 айда 408 млрд. 200 млн. теңге инвестиция тартылып, жоспардың орындалуы бойынша Қызылорда облысы республикада бірінші орынға

барлық серіктес ұйымдарға алғысымызды білдіреміз. Кешеннің жұмысы табысты, өндірісі берекелі болсын! Егемен еліміздің еңсесі биік, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай!», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Рәсімде облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев құттықтау сөз сөйледі. Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына сіңірген еңбегі, өңдеу өнеркәсібі саласына ауқымды инвестиция салғаны үшін меценат Нейля Жүсіпова Қызылорда облысының

Кешенге мемлекеттік қолдау ретінде 5 гектар жер телімі бөлініп, қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз етілді. Сонымен қатар 1,2 миллиард теңге жеңілдетілген несие беріліп, оның пайыздық мөлшерлемесі субсидияланды. Бірінші кезеңде 3,1 миллиард теңгеге заманауи, толық автоматтандырылған жабдықтары бар төрт өндірістік цех іске қосылды. Алдағы жылы жобаның екінші кезеңінде 2,5 миллиард теңгеге үн комбинатын салу жоспарланған.

ҮЛКЕНГЕ ҚҰРМЕТ...

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Шиелі ауданының Құрметті Азаматы Сұлтанбек Оразымбетовті 80 жас мерейтойымен құттықтады. Басқосуға зиялы қауым өкілдері, қоғам қайраткерлері, басқарма басшылары қатысты. Аймақ басшысы мерейтой иесіне құттықтауын жеткізіп, үлкенге құрмет көрсетудің, адал еңбекті бағалаудың маңызын атап өтті.

– «Дана халқымыз «Қадірлей білгенге құт қонады, құрметтей білгенге бақ тұрақтайды»



Сұлтанбек Қойшыбайұлы еңбек жолын Қызылту елді мекенінде қарапайым жұмысшылықтан бастап, әр жылдары комсомол ұйымының хатшысы, өндіріс бригадирі, Шиелі аудандық партия коми- тетінде нұсқаушы, Гигант колхозында партия комитетінің хатшысы, аудандық кәсіподақ комитетінің төрағасы, аудандық партия комитеті хатшысының орынбасары қызметтерін атқарған. 1994-2012 жылдары Шиелі аудандық мәслихатының бірінші, екінші, үшінші және төртінші шақырылымының хатшысы болды.

деген. Өңіріміздің өркендеуіне, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани дамуына бар күш-жігерін жұмсап, елдің қошеметіне бөленген аға буын өкілдеріне лайықты құрмет көрсету біздің игі дәстүрімізге айналған. Бүгінгі ресми жиынымыз адал еңбегімен халықтың ықыласына бөленген, өнегелі істердің ұйытқысы болған ардақты ағамыз Сұлтанбек Оразымбетовке арналды.

Сыр жұртшылығы Сіздің елеулі еңбегіңізді, өнегелі өмір жолыңызды жақсы біледі, құрмет тұтады. Парасатқа толы ғұмырыңыздағы іргелі істеріңіз өскелең ұрпаққа үлгі.

Жерлестеріңіз аймақтың дамуына зор үлес қосып, елдің ілтипатына бөленген Өзіңіздей жандармен мақтанады. Ақадал ниетті азаматтардың атынан бүгінгі мерейтойыңызбен шын жүректен тағы да құттықтап, деніңізге саулық, отбасыңызға амандық тілейміз! Тойыңыз тойға ұласа бергей!», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Жиында облыс әкімі мерейтой иесіне Қызылорда облысының Құрмет грамотасын табыстап, дәстүрге сай құрмет көрсетті. Мемлекет және қоғам қайраткерлері Ибрагим Әбибұллаев, Бекмырза Еламанов, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, ел ағасы Қалдыбай Сүгірбаев сөз сөйлеп, ізгі тілек білдірді.

Қызылорданың Қазақ елі астанасы болғанына және қазақ атауының қайтарылғанына 100 жыл толу мерейтойы аясында Сырдария өзенінің сол жағалауындағы 320 пәтерлік 4 көпқабатты тұрғын үй кешені пайдалануға берілді. Кейінгі жылдары ерекше қарқынмен дамыған сол жағалау сәулетті тұрғын үйлермен тағы да толығы түсті. Салтанатты рәсімге зиялы қауым өкілдері, ел ағалары, қала тұрғындары қатысты.

320 ПӘТЕРГЕ 320 ОТБАСЫ ҚОНЫСТАНАДЫ

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев тұрғын үй құрылысы саласында атқарылған жұмыстарға тоқталып, жаңа қоныс иелерін құттықтады.

– «Сыр өңірінде Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен тұрғындарды баспанамен қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік әлеуметтік саясат нәтижелі іске асырылуда. Соңғы үш жылда қаржыландырудың барлық кезінен облысымызда 2 млн. 500 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Кезекте тұрған азаматтарға 5 мыңнан астам пәтер сатып алынып, 25 мыңға жуық тұрғын қоныс тойын тойлады.

Барлық аудан орталықтарында жаңадан салынған 1500-ге жуық пәтер табысталды. Биыл бюджеттен тұрғын үй құрылысы мен жеке салушылардан дайын 3 800 пәтерді сатып алуға 58 млрд. 785 млн. теңге бөлінді. Қаржыландырудың барлық кезінен 870 мың шаршы метр тұрғын үй берілді.

Қызылорда қаласының өзінде соңғы үш жылда 5 600 пәтер қызылордалықтардың игілігіне айналды. Өткен айда 280 пәтерлік 7 көпқабатты тұрғын үйге кезекте тұрған азаматтар қоныстанды. Ерекше атап өту қажет, өткен жылдан бастап қаламызда

ҚОНЫСТАРЫҢЫЗ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



заманауи жаңа дизайнмен 7, 9, 12 қабатты тұрғын үйлер бой көтеруде.

Бүгін – мемлекет қолдауымен баспаналы болған әр отбасы үшін ерекше қуанышты күн! Жаңа баспаналарыңыздың іргетасы берік, қабырғасы мығым, әр отбасының шаңырағы татулық пен берекеге толы болғай!», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Іс-шарада жаңа тұрғын үйді салған құрылысшыларға облыс әкімінің Алғыс хаты табысталып, Жалағаш ауданының Құрметті Азаматы, «Құрмет» орденінің иегері Өмірбек Шәменов құттықтау сөз сөйледі.

Ақмешіт Ақшамы

«Өткеннің парқын танымай тұрып, бүгін мен болашақты дұрыс бажайлауға болмайды».

Ақселеу СЕЙДЕМБЕКОВ

АЛТЫН мен ЖАППАС БІР РУ?..

Қазіргі жаңа жас толқын өкілі, Қазақстанның белгілі тарихшысы, публицист, Қазақстанның бірінші президенті Қоры жанындағы әлемдік экономика және саясат Институтының бас сарапшысы, Алтын Орда заманы-нан XX ғасырға дейінгі кезең тарихын қамтыған бірнеше еңбектің авторы Радик Темірғалиевтің көптеген ресми деректерді зерттеу нәтижесімен шығарылған «Тамға қазақ руларының тарихы» (МЕЛОМАН», 2023,Алматы) атты еңбегінде қазақтың басқа руларымен қатар кіші жүздің он екі ата байұлы рулар бірлестігіне қарасты алтын руы туралы деректер де келтірілген.

Бұл мақаламда он екі ата байұлы-ның кімнен тарайтынын, арғы бабаларына, жаппас тайпасына жақындығына тоқтаймай бірден алтын руының тарихына тоқталуды жөн көрдім. Халық аузындағы еңгімелерден жинақталған шежіреге сәйкес Алтын Қыдырқожаның немере бауыры Ерқожаның ұлы орыс тілінде брат деп көрсетілген, аға немесе інісі деп көрсетілмеген.

Кіші жүздің шежіресін тарқататын кейінгі еңбектерде алтын руы жаппаспен бірге аталып жүр. Халық аузында алтын-жаппас бір туған деп аталады.

Алтын руының тарихы осы уақытқа дейін толық зерттелмеген. «Тамға қазақ руларының тарихы» деректеріне сәйкес 1731 жылы алтын руының өкілі Бұқа би Әбілқайырды қолдап Ресей империясына адал боламын деп ант берген билер тізіміне тіркелген. Бірақ, Бұқа би мен оның ұрпақтары шежіреде кездеспейді, шежіреде Көзалас (орыс-ша Коздалас) ұлы Бұйра аттары кездеседі.

Кітапта алтын руы туралы қызық деректер көрсетілген. 1742 жылы жоңғар қонтайшысы Галдан-Церен-мен кіші жүздің ең белгілі, беделді, ықпалды он руы аталып (оның ішінде алтын руы да көрсетілген) осы рулардан аманатқа адам жіберуді талап етеді. Жоңғар хандығына сол кезде белгілі болған алтын руынан аманатқа Тойғұлы бидің ұлы Қаппаладей жіберіледі. Шежіре бойынша оның Тойғұлы ұлы Қобыланды екені белгілі. Тойғұлы - көптеген аңыз-хикаялардан белгілі Сәлтеке батырдың ұлы. Бұл, біріншіден Тойғұлының бүкіл қазақ қоғамындағы белгілі тұлға екенін көрсетеді, екіншіден аманатқа ұлдарын жіберген сол кездегі он рудың қатарында болуы алтын руының сол кездегі жоғарғы мәртебесін айқындайды. Жоңғар ханы өлсіз рудан

және қарапайым отбасынан аманат алмағаны белгілі.

Орынбор генерал-губернаторы Волконскийдің тапсырмасымен 1803 жылы әзірленген хатта алтын руы жалпы саны бес мың отбасыны құрайтын төрт бөлімнен тұратыны көрсетілген. Рудың ол кездегі биі ретінде Барқы батыр мен Туған би көрсетілген.

1742 жылы Галдан-Церен Қобы-ланды ұлы Барқы батырды (кейін

алтын руының ұранына айналған) аманат қылып жіберуді талап етеді. Бірақ, екіжақты келіссөз барысында Қобыландыны жіберуге келіседі. Бұл деректер сол кезде алтын руының белгілі билері мен батырлардан тұра-тыны, кейін әкеден балаға, одан әрмен қарай мұра болып қалған «билеуші әулеті» болғандығын көрсетеді.

XVIII ғасырдың екінші жартысында алтын руы жаппас руымен бірге Кас-пий мен Арал даласынан шығсықа Орта жүз шекарасына көшеді (қазіргі Қызылорда қаласы). Жазда жайлауға Торғай, Тобыл өзендерінің солтүстігіне дейін көшіп, телеу және таз руының бір бөлігімен Сырдария, Қуандария мен Жаңадария өзендерінің оңтүстік бөлігін қыстайтын болған. Ресейлік дворяндар әулетінің өкілі, Бас Штабының полков-нигі, белгілі зерттеуші Я.Гавердовский алтындардың көшу мекенінің өзгеруіне олардың шекті руымен арадағы тартыстар себеп болған деп көрсетеді.

Алтын мен Жаппас руының іскер адамдарының кәсібінің дамуына 1743 жылы Троицк қаласының салынуы мен ондағы 1750 жылы тауар айырбастау алаңының ашылуы жол ашады. Мүм-кін бұл кейін Ақмешіт қаласында жаппастың аса ауқатты Мырқы, Аппаз, алтынның көпесі Мақан Жиенбайұлы бастаған көпестері аталарының алғашқы кәсіп дөңгелегіп, капитал іргесін қалауына себеп болған шығар. Екі ру билері Ресей мен Орта Азияны байланыстыратын жаңа сауда керуен жолын бақылауға алады. «Алтын руы Тройцкден 200 шақырым оңтүстік-шығысқа қарай (жаппастар бақылауға алған жолдың сол жағын), Тобыл өзені арқылы Аят өзенінің сағасының жоғарғы жағы бағытына созылған басты керуен жолын бақылауға алды»-деп жазды Я.Гавердовский.

Алтын, жаппас руларының жақын байланыстарының шығу тарихын түсін-діру қиын. Бірақ, олардың бастапқыда өзара бір одаққа бірігуінің себебі жақын тұстығы, жаз жайлау орындарының бір-біріне жақын және бірлесіп, сауда (керуен) жолдарын бақылауға алуға бағытталған жалпы мүдделері болса керек. Осы себептермен алтын мен жаппастар басқа рулармен орын алған қақтығыстарда бір-біріне көмек қол-дарын созды. XIX-ғасырдың дерек-терінде олардың «алтын-жаппас» деп аталуы жиі кездеседі. Жалпы қазақ даласында рулардың бір-біріне ағайын, бауыр болып қалыптасуы көбінесе ортақ сыртқы жау мен

ішкі қақтығыстарға төтеп беру үшін әскери одақ құрумен байланысты. Мысалы, қазақтың албан-суан, қаңлы-шанышқылы, керей-уақ, адай-таз, табын-тама сияқты бір туған, ағайын-бауыр болғанындай алтын мен жаппас қарым-қатынасы да бір-біріне өте жақын ру ретінде өрбіді.

XIX-ғасырдың 20-шы жылдарында тіркелген деректер алтын руының «Барқы батыр және Баймұрат» екі ұранды пайдаланғанын көрсетеді.

Л.Мейер 1865 ж. жазбасында алтын-дардың тек «Баймұрат» ұранын пайдаланғанын көрсеткен. Ақселеу Сейдембеков жазбаларында алтын мен жаппастың ұраны Баймұратпен қатар Бақтыбай деп те көрсетіледі.

XIX-шы ғасырдың басында алтын-дар жаппастармен бірге алғашқы рулар қатарында Арынғазы ханның билігін мойындаған. Ол алтындардың өлімұлы мен шөмекейлермен татуласуына себеп болады. Кіші жүз ханына Арынғазы ханды бекіту туралы Ресей билігіне 1817 жылы жазалған бірінші хатта алтын руынан Мұратұлы Дәуен мен Базарұлы Қоспақ қол қойған.

Кітапта XIX-шы ғасырдың 40-шы жылдарында алтын руының көшбас-шыларының бірі Барқы батырдың ұлы Науша батыр болғандығы көрсетілген. 1843 жылы Кенесары ханның жаппас ауылдарын шабу кезінде Науша батырдың ауылы да шабуылға ұшыраған. Бұл бір жағынан алтындардың Кенесары ханға сарбаздар бермей Кенесарыға байланысты жаппастардың саяса-тын ұстанғанын білдірсе, екінші жағынан олардың бір-біріне туыстық жақындығын білдіреді. Бірақ, кейін алтындар мен Кенесары ханның ара қатынастарының жөңделгені байқа-лады. 1845 жылы Кенесары Қоқан хандығына қарсы соғыс ашқанда Науша батыр, Мажыұлұлы Көшкінбай мен Итенұлы Уәлі хан қатарынан табылған.

Ресей билігі өз кезегінде алтыннан шыққан №2 форт (қазіргі Жосалы) базарын басқарған Дайырулы Тасыранның (Мәметек Алтын) еңбегін бағалап, оны күміс медальге ұсынған.

Н.Масанов XX ғасырдың басындағы алтын руының саны шамамен 10 мың-дай болғандығын атап өткен. А.Темір-ғалиевтің есебі бойынша 1911 жылғы алтындар саны 16,5 мыңды құраған. Олардың басым көпшілігі Қазалы (6,8 мың), Перовск (3 мың), Ырғыз (2 мың) уездерінде тұрған.

Жоғарыдағы келтірілген тарихи деректер алтын руының қазақ қоға-мында, қазақ хандықтарының Ресей-мен қарым қатынасында, жалпы қазақ тарихында ерекше роль атқарғанын білдіреді.

Сонымен қатар алтын руы туралы бірнеше деректер Мұхтар Мағауинның «Алтын Орда» танымдық тауарих еңбегінде жарияланған.

Өйгілі жазушы, даңғыл тарихшының жан-жақты, терең толғау, жаңаша көзқарас нәтижесімен жазылған

аса құнды еңбегінің «Халық» атты бөлімінің 183 бетінде: Алтын руы белгілі түріктанушы С.Кляшторный мен танымал қазақ тарихшысы Т.Сұлтановтың «Государство и народы Евразийских степей» атты тарихи зерттеу кітабында XIII-XIVғасырлар мұғдарында Алтын Орда шегінде жасаған ру-тайпалардың жинақты, толық тізім жасалған. Сол тайпалар арасында алтын тайпасы қазақтың бүгінгі арғын, жалайыр, керейт, қыпшақ,

бір руы-алтынға қатысты болса керек. Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Ресейге қатысты бөлімінде: ...Киевтен 230 шақырымда Киев-Москва темір жолы бойында Алтын бекеті, соның жанында Алтын ауылы бар. Саратов қаласынан оңтүстік-батысқа қарай Алтын тауы жатыр; Енотаевск қаласынан 30-40 шақырым төмен түскенде Еділ өзенінің бойында «Золотой Бугор» бар, мұны аударғанда «Алтын төбе» болады. Астраханның қарсысында Еділ өзенінің

оң жағасында Төрт Алтын шатқалы бар.

Қазақтың ауызша тарихының академигі саналатын А.Сейдембеков-тың жазбаларындағы алтын руына қатысты жер-су аттары қазақтың алғашқы инженері М.Тынышбайұлы-ның еңбегінде көрсетілген жер-су аттарымен сәйкес келетіндігін аңғарамыз.

Уикипидея ашық энциклопедеясы деректеріне сәйкес алтын руының белгілі кісілері қатарында Уәли би Итенұлы (1798–1881) — би аты аталады. Орыс патшаларының қазақ жерінің отарлау саясатына сай Итен би Құлты, Уәли атты ұлдарымен қазіргі Ақтөбе облысы аумағына көшіп барып, кейін ағасы Құлты қайтыс болғаннан кейін Уәли би өзіне қарасты ағайындарымен Сыр бойына көшеді. Сыр елі алтындарын билеген Уәли би елге сыйлы адам болған.

Уәли би алтын руынан шыққан Тобжан, Әлібай сияқты халық алдында қадірменді болып, ағайынның бірлігін, татулығын сақтауға белсенді қызмет атқарған. Алтын-жаппас руларының Кенесары ханға қолдау көрсетпегеніне қарамастан Уәли би қазақтың соңғы ханының көтерілісін қызу қолдаған. Осы әрекеттері үшін ол басқа билермен бірге Орынбор қаласына шақырылып, губенатордан ескерту алған. Уәли би ұлы Байзақ та әке жолын қуып елге билік айтқан. Сыр бойындағы «Байзақ тоғайы» деп аталатын жер осы кісінің атымен аталған. Алтын руынан шыққан келесі бір тұлға Орынбор Үргеніш, Троиц, Бештау қалаларында сауда жүргізіп, елді отырықшылыққа, мәдениетке ұмтылдырған көпес Мақан Жиенбайұлы. Ақмешіт қала-сында көптеген үйлер салған. 1908 жылы алтын мен табын руларының арасында туындаған үлкен жанжал Мақан Жиенбайұлының 100 адамдық керуен сарайында шешімін табады. Бүгінде оның салғызған үйлері тарихи және мәдени ескерткіш ретінде мемлекеттік қорғауға алынған.

Жоғарыдағы тарихи деректерден біз алтын руының өз алдына жайлаулары, қыстаулары, көш-қон бағыты, батыр, билері, сарбаздары болған, Ресеймен, жоңғар хандығымен дербес саясат жүргізген іргелі ру болғанын білеміз.

Хұсайын Асанұлы ҚОРАЗБАЕВ заңгер- журналист. Ақпарат саласының үздігі. Запастағы полиция полковнигі.

ҚАЗАҚ АТАУЫ ҚАЙДАН ШЫҚТЫ?

“Оранкай” өлкесі деп аталатын мұндағы оранға бірі-гіп тұрған “қай” сөзін көреміз. Қайырхан қанлы-қыпшақтың әйгілі қолбасшысы Алп қараның қызы, Мұхаммед шахтың анасы Төркен хатумның інісі екен. Төркен хатум қанлы Хорезм шах сарайының төңі-регінде қанлы қыпшақтан 60 мыңға жуық үлкен қару-лы жасақ ұстап, мемлекеттік істерге араласып отырды.

Алматы баспасынан 1979 жылы шыққан Қазақ ССР тарихының 2-ші томында “Қыпшақтар – көне тайпалардың бірі. Қыпшақ деген атау ең алғаш XIII-ші ғасырда аталады, YIII-X-шы ғасырда қыпшақтар кимактарға тәуелді. Қимақ мемлекетінің құрамында болды. XI-ші ғасырдың басы саяси әлеуметтік жағынан өрлеу кезі Ертістен Сырға дейінгі жерге иелік етті. Моңғол шапқыншылығы алдында қыпшақтар “Дешті қыпшақ” деп аталатын Ертістен Днепрге дейінгі орасан зор аймақты алып жатты.

XIII-ХҮІІІ ғасырлар аралығында қазақ халқының қалыптасу кезеңінде негізгі күш ретінде ұйтқы болды” деген анықтама берілген. Моңғолдардың алғашқы жаулаулары тұсында Шыңғыс тұқымынан шыққан төрелердің үстем күшке айналудары қанлылардың саяси ықпалдарының төмендеуіне алып келді. Әмір Темірдің (1336-1405) билікке келуі, байырғы қанлылардың бытырап кеткен қалдықтары Дешті қыпшақ даласының тұтастығын сақтап қалу үшін ел-жұрт болуға мүмкіндік алды. Бәрін басынан кайта бастауға тура келді.

Әмір Темірдің құрған мемлекеті Тұран болатын. Осман империясы, Алтын Орда Әмір Темірдің қарамағына қарап, Едіге би Ноғай ордасы болған”. Көрнекті ғалым Ш.Уәлиханов ноғайлар мен казактарды “екі туысқан орда” деп атады. “Ноғайды да, өзбекті де, бәрін де ноғай деп атаған. Бірге жасап өмір кешкен. Ноғай мен қазақ ордасын Жәнібек билеген кезең казақ жырларында алтын дәуір тұрғысында саналады” – деп көрсетсе, осы пікірді Сәкен Сейфуллин де қуаттап: Ертедегі батырлар

әңгіме-жырлары қазақ атанған елдің ноғайлы болған дәуірден немесе “ноғайлы” атын әлі тастамай жүрген дәуірінен қалған әдебиет нұсқалары дейді. Әмір Темірдің тарихшысы Шарефедін “Қожа Ахмет Ясауи кесенесі” 1397-1399 аралығында салынып, және әйгілі Тайқазанды құйып шығаруға бұйық берген, мол қаржы бөлген Әмір Темір, салдырған Түркістанның казак ханы Ноғайбек, ұстасы Мәулен Салыр деп жазды. “Таңбалы тасты” Бетпақдалада, Сарысу өзенінен 20 шақырымдай Нұра тауының үстіртіне орналасқан. “Таңбалы таст” немесе “Таңбалы нұрта” деп те атайды. “Таңбалы тасты” алғаш ашқан ғалымдар оны тарихтың зор куәлігі деп атаған. 1895 жылы тапқан Александр Шренк мен Х.Бекхожин тас бетіндегі әоздерді жазып алған. Бірінші рет баспадан шығарушы Л.И.Кузнецов, аудармашы – Х.Бекхожин. Кейін Қаныш Сәтбаев және Ә.Марғұлан зерттеулер жүргізген. Қазақ хандығын құрар кездегі негізгі ұйтқысы болған тайпалар жайында, ХІҮ-ХҮ-ші ғасырда “Таңбалы тастағы” араб әрпімен жазылған жазудағы қыпшақ, найман, алшын, арғын, қаракесек, үйсін, табын алты ұлысты сактай көр деп тілек еткен, дейді Ә.Марғұлан өзінің еңбектерінде. Қазақ болып, этникалық халық болудың ашық түрі, казак халқынын жеке шанырақ көтергені, ел-жұрт болуы деп тұжырымдайды. Академик М.Қозыбаев осы тілек жазуы туралы казак халқының бірінші құрылтайы деп баға берген. Осы арада “Таңбалы тастағы” жазылған жазуда алты тайпа айтылады. Сонда бір тайпа айтылмай тұр, ол – қыпшақ. Қолда бар тарихқа жүгінсек, далалықтар дәстүрі бойынша жанадан құрылған мемлекеттің аты әдетте сол мемлекетті құруға ұйтқы болған жетекші тайпаның атымен аталады. Ол қанлы “қыпшақ қағанаты”. Алғашқы казак ханы болған аз Жәнібектің тұсында “Пәтуа-заңды” ұстанудан казак руларында шежіре жазу дәстүрі қалыптаса бастады. Қазақ билері пәтуа-дәстүрді енгізу арқылы казак халқының

біртұтастығын сақтап қалды. Шежірелі төменнен жоғары сатылап зерттегенде әуелі ата, одан ру, одан жүз, ақыры біртұтас халық “казак” шығады.

Осы “Пәтуа-заңды” ұстануға байланысты ереже-де хандарды сайлағаннан кейін оған артықшылық құқықтар беріледі. Мәселен әскер, ішкі тәртіп хандікі болғанымен, сыртқы саясат Орда биге (Ордабасы) қараған. Өйткені оның қолында тайқа-зан (нышан белгі) болған. Со(сак) дәуірінен баста-латын мемлекеттіліктің дәстүрі жалғасын тапқан Ә.Марғұлан “Тамғалы тас жазуларында” макаласына қатысты Әнес Сарай өз пікірін былай білдіреді: “Қазак” сөзінде қаз сөзін қаз түбірінен таратады. Алайда түсіндіру мүлде басқаша: “Қазак” сөзінің түбірі “каз” – тіке тұру, мықты, берік тұру. Кішкене балалар жүруге ұмтылып, аяғы шығып келе жатқанда казактар “каз-каз”, “каз тұр” дейді. Айтасыйтарда атпен ойнағанда “каз” тұр деп, атты артқы екі аяғы-мен тікесінен тұрғызды. Жазушы бұл пікірмен келіспейді. Ал “ақ-тың” о баста өз алдына жеке мағы-насы бар сөз болуы да, не мағынасыз жалғау болуы да ғажап емес. Ә.Марғұлан бұл жөнінде ақ күшейт-кіш жалғау деген. “Қазак” сөзінің шығуына қатысты казіргі уақытта ғалымдардың тағы бір пікірі бар. Алғашқы дәуірде немесе Науониге дейінгі дәуірде (ХҮ-ші ғасырдың бірінші жартысы) араб, шағатай жазуында н әрпі болмаған дейді. Сол заманда хандар, билер бір-бірімен хатты қыпшақ тілінде жазған. Қаза (казан) сөзін сол қалпында қалдырайын десе каза құлакқа ауыр естілгендіктен Н әрпінің орнына Қ әрпін қоюға мәжбүр болған дейді. Бұл шындыққа жанасады. Алғаш рет “казак” сөзінің шығуы 1474 жылы Қырым ханы Менлі Герей орыс патшасы III Иванға жолдаған бір хатында патшаның көнілін аулау үшін “мен өзімнің ұландарыммен де, казактарымен де сенің еліне жорыққа шықпаймын” деген. Қазан, қырым өзге татарлар “казак” атанған және өздерін казакшыз деген. Алтын орда толық күйрегеннен кейін ХХ-ХХІ ғасырда Евразияның алай төсінде көшіп жүрген ел-жұрт “казак” деген жаңа атаумен тарих сахнасына шықты. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мен таңбалы тас Юнесконьң тізіміне кірді. М.Қозыбаев “Таңбалы таста” үш жүздің басы қосылып алғаш рет казак ұлтының заңы қабылданды деген.

“Таңбалы тастағы” салынған таңбалар, жазылған жазулар бір сәттік емес, баянды өмірге арналған казак ұлтының іргетасы. Сондықтан казак атауының қалып-тасуында “Таңбалы тастың” үлкен, зор мәні бар.

Н.ҚАРТАБАЕВ

БАСҚА ҚЫЗМЕТКЕ ҚҰРМЕТПЕН ШЫҒАРЫП САЛДЫ

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен кадрлық өзгерістерге орай актив отырысы өтіп, оған құқық қорғау органдарының бірінші басшылары, басқарма басшылары, қала, аудан әкімдері қатысты.

Нұрлыбек Машбекұлы Қызылорда облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің бастығы болған Шаймерден Есенкелдиевті басқа қызметке ауысуына байланысты құрметпен шығарып салды. Ол ротация тәртібімен Ақтөбе облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің бастығы лауазымына тағайындалды.



– «Бүгін Өздеріңізбен бірге әріптесіміз Шаймерден Тәжікұлұлы Есенкелдиевті басқа қызметке ауысуына байланысты шығарып салу үшін арнайы жиналдық. Әріптесіміз еңбек жолын қарапайым полиция қызметкерінен бастап, жоғары басшылық лауазымға дейін сатылап өскен азаматтардың бірі. Өңірімізде алты жыл нәтижелі жұмыс жасап, департамент жоғары жетістіктерге қол жеткізді.

Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Қылмыстық атқару жүйесін барынша жетілдіру қажет. Негізгі мақсат – сотталған адамды қоғамнан алшақтату емес. Тиісті тәрбие жұмысын жүргізу өте маңызды. Олардың бойына заң мен тәртіп құндылығын сіңіретін және қалыпты өмірге оралуына ықпал ететін озық тәсілдерді енгізу керек», – деген болатын.

Аймағымызда атқарылған жүйелі жұмыстардың арқасында соңғы жылдары жазасын өтеушілерді еңбекке тарту үлесі 68 пайызға өсті. №60 мекемеде 18 өндірістік цех іске қосылып, 400-ден астам бас бостандығынан айырылған азамат жұмыспен қамтылып, қайта әлеуметтендірілді.

Қылмыстық-атқару жүйесі инфрақұрылымын жақсарту бағытында жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, ауқымды жұмыс атқарылды. № 60 мекемеге 91 млн. теңгеге 97 электрондық есік орнатылып, № 68 мекеменің емхана ғимаратына 171 млн. теңгеге күрделі жөндеу жүргізілуде. Пробация қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында жергілікті бюджет есебінен 39 млн. теңгеге серверлік жүйе орнатылып, 34 млн.теңгеге 176 смарт-білезік алынды. Бұл шаралар қайта қылмысқа бару деректерін 28 пайызға дейін азайтуға мүмкіндік берді», –деді облыс әкімі.

Басқосуда Шаймерден Тәжікұлұлына өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына, қоғамдық қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін Қызылорда облысының Құрмет грамотасы, «Қызылорда облысының дамуына қосқан үлесі үшін» медалі мен облыс әкімінің Алғыс хаты табысталды.

Облыс прокуроры Ризабек Ожаров құттықтау сөз сөйлеп, ізгі тілегін жеткізді.

ЖАСЫ ҰЛҒАЙҒАНДАР КӨП ДЕЙДІ...

ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР КӨПТІК ЕТПЕЙДІ...

Салыстырмалы түрде қарар болсақ, жер бетіндегі бар баланың жәрдемақысы әлеуметтік төлемдердің бар болғаны 3,8%-ы ғана. Сонда бар балаға тиесілі жәрдемақы 3,8%, ал, зейнетақы 39%. Демек 10 есе айырма бар. Ендеше бүгінгі зейнеткерлер орнын басар ұрпақ 10 есе аз...

БҰҰ дерегінің тағы бір қызық тұсы кедей елдерде әлеуметтік төлемдердің 10%-ы балаларға төленеді. Демек, кедей елдерде дамыған елдерге қарағанда бала саны көп. Өлемдегі зейнетжасына жеткендердің бәрі бірдей зейнетақыға қол жеткізе бермейді. Жер үстіндегі барлық зейнетжасына жеткендердің 79,6%-ы ғана зейнетақы, немесе жасы ұлғаюына байланысты басқа да төлемдер ала алады. Негізі 165 млн. қартта зейнетақы жоқ.

Еуропа мен Солтүстік Америкада зейнеткерлердің барлығы дерлік зейнетақы алады, ал Африка қарттарының 30%-ы ғана қол жеткізеді. Әрине, зейнетақы мөлшері әр елде әрқалай. Халықаралық еңбек ұйымдары дерегі бойынша әлемнің 100-ден астам елінде зейнетақы орташа жалақының жартысына жуық. Ал, кейбір кедей елдерде төменгі зейнетақы күнкөріс деңгейіне де жетпейді екен.

Зейнеткерлерге зейнетақы төлеуде Еуроодақ елдері аянбайды. Еуростат мәліметі бойынша бұл елдердің зейнеткерлері айына 1,34 мың, жылына 16,1 мың еуро зейнетақы алады. Ең жоғары зейнетақы Данияда, сондай-ақ еуроодаққа мүше емес Испания мен Норвегияда зейнеткерлердің зейнетақысы жылына 30 мың еуро, ең жоғары зейнетақы. Швейцария мен Люксембург зейнеткерлер зейнетақысы нанға сары май жағып жегеннен бөлек, қара уылдырық қосып жесе де мұртын балта шаппайды. Әрине, бұл елдерде өмір сүру арзан емес.

Австрия елі қарттары зейнетақысы қалағанын сатып алу деңгейі бойынша басқалардан бірінші орында.

Балкан елдерінде зейнетақы төмен. Еуроодақ бойынша Болгария елінде зейнетақы ең төмен делінеді, жылына 3,6 мың еуро. Сондай-ақ Босния, Герцеговина, Сербия, Түркия елдері зейнетақысы да осы шамалас. Ең төмені Албанияда, бір жылға шаққанда 1,6 мың еуро екен.

Жер бетіндегі барлық елдер арасында АҚШ жалпы зейнетақы активі мөлшері бойынша көш басында. Быылғы жылдың қыркүйегіне 12,4 трлн. долларға жеткен. Сондай-ақ Қытай, Жапон, Біріккен Араб әмірлігі, Норвегия, Сингапур, Канада, Сауд Араб елі, Оңтүстік Корея, Австралия алғашқы ондықта.

Әрине өмір жасының ұзақтығына бір зейнетақы кепіл бола алмайды. Елдегі дәрігерлік қызметтің сапасы, отбасылық,тұрмыстық деңгей, қалалардағы инфрақұрылым жағдайы дегендей қажеттіліктер де адамдардың жақсы қартаюына әсер ететіні сөзсіз.

Енді бір шетелдік зерттеу орталығы әлем елдері арасында қай елде 100% уайым-қайғысыз, қамсыз қартаюға болады деп зерттеу жүргізген. Онда адам өміріне әсері бар денсаулық сақтаудан бастап, ақша, экология, елдің экономикалық жағдайы дегендей 18 көрсеткіш қамтылған.

Быылғы жыл бойынша Еуропа елдеріндегі егде жастағылардың өмірі ертегідегідей екен. Әсіресе Норвегия қарттарының. Еуропаға жатпайтын елдер арасында Австралия бірінші, өйткені денсаулық сақтау жүйесі жақсы жетілген.

Зерттеушілер пікірінше, егде жастағылар ертегідегідей өмір сүре алмайтын елдердегі зейнеткерлер өздері үшін қолайлы өмір сүру ортасы қалыптасқан елдерге көшіп барып, өнді бір қалған шамалы өмір жасында жақсы өмір сүруге болады. Мәселен Панама елінде климат жақсы, баға да тұрақты, әрі қауіпсіз, жер жұмағы көрінеді.

Еуропаға жақын елдер үшін Португалияны таңдауға болады. Ал, азиялықтар үшін Малайзия жасы ұлғайғандарды жатырқамайды.

АГРАРЛЫҚ ҒЫЛЫМ ҚАНШАЛЫҚТЫ ДАМИДЫ?

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен Мемлекет басшысының Жолдауындағы негізгі бағыттардың бірі агроэкономика және аграрлық ғылымды дамыту мәселелері талқыланған жиын өтті. Оған мәслихат депутаттары, басқармалар мен аумақтық департамент басшылары, ғалымдар, шаруашылық құрылымдарының өкілдері, онлайн байланыс арқылы Қызылорда қаласы мен барлық аудан әкімдері қатысты.

Облыс әкімі сала басшыларына Жолдаудан туындайтын міндеттерді сапалы әрі уақытылы жүзеге асыру бойынша нақты тапсырмалар жүктеді.

– «Президентіміз Жолдауда: «Қолданбалы ауыл шаруашылығы ғылымын жедел өркендетпейінше, агроөнеркәсіп кешенін ұзақ уақыт бойы қарқынды дамыту мүмкін емес» деген болатын. Әсіресе, аграрлық саланы цифрландыруға, ауыл шаруашылығы ғылымын жетілдіруге негізгі басымдық беруді ерекше атап өтіп, бес міндетті айқындады.

Бірінші кезекте ауыл шаруашылығы саласына жаңа тәсілдерді, заманауи технологиялар мен цифрлық шешімдерді, жасанды интеллектіні енгізу, екінші, өнімділік пен қайта өңдеуді арттыру, үшінші, технологиялық жаңғырту, төртінші,

ғылым мен зерттеуді дамыту, бесінші, қаржылай қолдау көрсету.

Аграрлық салаға цифрлық технологияларды кеңінен қолдану, терең өңдеу баса мән беруді қажет етеді. Ғылымды дамытып, цифрлық технологияларды қолданудың тиімділігін шаруашылық құрылымдарына түсіндіру керек. Саланы жетілдіруге арналған ғылыми жобаларды қолдап, оларды іске асыруды сүйемелдеп, цифрландырудағы тың бастамаларды өндіріске енгізуді қарастырыңыздар. Ыбырай Жақаев атындағы Қазақ күріш ғылыми зерттеу институты білім беру орталығының жұмысын жандандыру, ғылыммен айналысатын білікті мамандар даярлау өте маңызды. Оқу орындарын бітірген түлектерді жұмысқа тарту керек.

Президентіміздің сенімін ақтау – баршамыздың ортақ парызымыз. Сондықтан осы бағытта атқаратын жұмыстарымыз жүйелі, нәтижелі болсын.

Бүгінгі берілген барлық тапсырманың орындалуы тұрақты бақылауымызда болады. Жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен бірлесе атқаруға шақырамын», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Мемлекет тарапынан жыл сайын

ҚЫЗЫЛОРДАНЫҢ БЮДЖЕТ ҮНЕМДЕУ ҮЛГІСІ...

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Парламент Сенаты Қаржы және бюджет комитетінің көшпелі отырысы өтіп, онда жаңартылған заңнама талаптарына сәйкес бюджет процесін іске асыру мәселелері талқыланды.

Отырысқа Парламент Сенаты Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы Сұлтанбек Мөкежанов, Ұлттық экономика министрлігі бюджет саясаты департаментінің директоры Гульором Мұллабаева, Қаржы министрлігі бюджеттік қоспарлау департаментінің директоры Сейілхан Исмағұлов қатысты.

Аймақ басшысы Президент тапсырмасында нақтыланған бюджет қаражатын ұтымды жоспарлау мен тиімді игеру міндетін атап өтті.

– «Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы бюджет қаржысын тиімді жоспарлау, мақсатқа сай бөлу мен игеру жөнінде міндеттер жүктегені белгілі. Облыс бюджетінен әлеуметтік салаға 2023-2025 жылдары бөлінген қаражаттың мақсатты жұмсалыуына жүргізілген зерделеу, бақылау шараларының нәтижесінде 100 млрд. теңгеге жуық қаржы үнемделді. Оның ішінде білім саласынан 58 млрд. 600 млн. теңге, «Арт спорт» бағдарламасынан 13 млрд. 100 млн. теңге, әлеуметтік қорғау саласынан 8 млрд. 200 млн. теңге үнемделіп,

бюджет қазынасында қалды.

Жаңадан жүзеге асырылатын инвестициялық жобаларға құжаттама әзірлеуге демеушілер есебінен 7 млрд. теңге бөлінді. Барлық 7 ауданда «Руханият орталықтарын» салып, бұған дейін әр жерде орналасқан мекемелерді бір орталыққа біріктірдік. Бұл ғимараттарды ұстап тұру шығындарын қысқартуға жол ашты. Мектептерге қосымша ғимараттар салу арқылы үш ауысымдық оқу мәселесін түбегейлі шешіп, жаңа мектеп салуға қажеттіліктің алдын алдық. Осылайша, бюджетке түсетін салмақ азайтылып, 13 млрд. 100 млн. теңге оңтайландырылды», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Мамандардың айтуынша, жаңа ұшмылдық кезеңге арналған жалпы сипаттағы трансферттер Үкіметтің алдына қойылған негізгі міндеттерді шешуге, оның ішінде өңірлердің қаржылық дербестігін кеңейтуге, халық үшін әлеуметтік игіліктер мен мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін теңестіруге, сондай-ақ өңірлер арасындағы инфрақұрылымдық таңсаздіктерді азайтуға ықпал етеді.

Жиынға қатысушылар бюджет процесін іске асыру барысында туындайтын өзекті мәселелерді, сондай-ақ елімізде қолданыстағы трансферттік тетіктерді талқылап, туындаған сұрақтарға жауап алды.

ЕС КЕТІП, ЖҮЙКЕ ЖҰҚАРЫП БАРАДЫ...

Өлгі есі кеткен 1 млрд.-қа жақын “жындыларды” таратып айтар бол-сақ, олардың 359 млн-ы ылғи үрейленіп өмір сүреді, ал 280 млн-ы депрес-сияда. 37 млн-ы bipolarлық бұзылыста, 23 млн-ы шизофрениямен ауыра-ды. 16 млн-ның тамақтану тәртіп жүйесі бұзылған, ал 41 млн-ы, арасында балалар мен жасөспірімдер де жетерлік, әлеуметтік мінез құлығы бұзылған.

Жер беті тұрғындарының 3% бен 4% аралығы, яғни шамамен 240-320 млн. адам арасы тұлғалық параноидтық бұзылуынан зардап шегуде. Параноидты бұзылудың түрі көп. Мәселен, біреу арақтан, біреу қызғаныштан, біреу жыныстық қатынасқа құмарлықтан, тағы біреу дінге баспын кіріп кетуден денсаулығы сыр береді. Сондай-ақ өз-өзін керемет көсем, біртұар шешен санап, бірақ басқалар мойындамай жүргендей көріп, өз-өзін қоярға жер таппай аласұрып жүргендер қаншама...

Әрине сау адамның өзін жынды қылатын баға құн сайын өсіп, қымбатшылық қаптаған, қылмыстың түр-түрі шыққан, тағы да басқа зардабы мен зобалана көп қазіргі жағдайда әрбір жан жүйкесін тексеріп, диагноз қойып отыруға екі елдің бірінші шамасы жете бермейді. Өйткені қазіргі заманғы медициналық технологиялардың бағасы да арзан емес.

Мәселен, әлемде алпауыт ел аталатын АҚШ-тың өзінде жүйке жүйесін жақсартатын технологиялар нарығы 2020-шы жылы 500 млн. долларға бағаланған. Соңғы деректер бойынша өткен жылы бұл технологиялық

ЖЕР АСТЫНА ТҮСІП ЖАТҚАНДАРДЫҢ ОЙЫНДА НЕ БАР?

Бәріміз күніне мың кірмесек, көңіліміз көншімейтін facebook-тің негізін салушы Марк Цукерберг 2014-ші жылы Гавайдың Кауан аралынан аумағы 1400 акр болатын аумақты тұрғын үй кешенін салып жатыр екен.

Марк өлемнің қай жерінен не салам десе де өз еркі өзінде. Мүмкіндігі мол, қаржысы жетеді. Мәселе мынада: жаңа үй кешенінде өзіндік электр қуаты бар, азық-түліктің мол қоры жасалғанға ұқсайды. Оның үстіне кешенді салып жатқан құрылысшылар не салып жатқанын айтпауға ант бергенге ұқсайды.

Биіктігі екі метр болатын дуал да бәрін сырт көзден жасырып тұрғанға ұқсайды. Цукербергтің жабық құрылысының жұмбағын шеше алмаған жұрт көкейінде “ақырзаманға дайындалып, жерасты бункерін салып жатқан жоқ па?” деген жойқын сұрақтың бары бар рас. Өткен жылы осы сұрақты қойғандарға Марк “жерастындағы кеңістік – өжіреге ұқсас жай ғана шағын баспана” депті.

Цукерберг бұдан бөлек, Калифорнияның Кресент-Парк ауданынан жер астындағы 650 шаршы метр болатын 11 қозғалмайтын мүлік сатып алған.

Жер астын жақсы көріп тұрған бір Цукерберг қана емес екен. Негізі технологиялық жаңалықтардың басы-қасында жүргендердің бәрі дерлік жердің астына түсіп жатса керек.

Миллиардерлердің бірі “ақырзаманға қамданып жатқандарын” айтыпты. Оның айтудың жер үстіндегі аса ауқатты адамдардың жартысына жуығы осындай қам жасап қойған. Олар үшін бас

сауғалайтын жақсы орын Жаңа Зеландия көрінеді.

Сұрақ туындайды: аса ауқаттылар неден қорқып, неден қамданып жүр? Соғыстан? Климат өзгерістерінен? Өлде көпшілік біле бермейтін басқа бір қауіп көзі ма?

Айтпақшы, соңғы жылдары жасанды сананың жаһанды жайлап жаулап бара жатқаны жанды жай тапқызады ма?

ОрепАI-дің қосымша құрылтайшысы және жетекші ғылыми қызметкері И.Суцкевер 2023-ші жылдың ортасына қарай Сан-Францискодағы ChatGPT шығарған компьютер компаниясы ғұламалары адам санасымен барабар жасанды интеллектіні жасап шығаратынына сенімді болған. Ол көптеген кездесулердің бірінде әріптестеріне “әлемде өте қуатты технология шыққанға дейін компанияның жетекші ғалымдарына жерасты баспанасын салып қоюға” кеңес берген. “Жалпы жасанды сана жасап шығарғанша біз міндетті түрде бункерді саламыз” деген ғалымның “біз” деп кімдерді тұспалдағаны да біраз сұрақ тудырса керек.

Негізі көптеген жетекші компьютер ғұламалары және технология көшбасшы-лары, сондай-ақ жасанды сананы жасап жатқандардың өздері де жасанды сананың ақыры қалай болар екен деп аландыған тәрізді дейді, сарапшылар. Өте қуатты, жалпы жасанды сананың пайда болуы адамдар үшін қорқыныш әкелмейді ме?

Технологиялық сана көшбасшылары жалпы жасанды интеллектіні көп күтпейміз

қосымшалардың құны әлемдік нарықта 6,5 млрд. долларға жеткен.

Ал 2033-ші жылы бұл көрсеткіш 15,7 млрд. долларға барады деп күтілуде. Демек, көптеген елдер үшін жындылардың жынын басып, есі кеткендердің есін кіргізетін технологиямен қамтамасыз ету колжетіміз. Сол баяғы “қара теңізге ақ матаны салса, мата түсі қандай болады?” деген бетпе-бет сұрақтармен “жындыларды” анықтап жүре береміз.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше орта табыс-ты, табысы төмен елдерде “жүйкемен” айналысатын дәрігерлер жетіспей-ді. Әлемнің жарты елінде 200 мыңнан астам адамға 1 психиатрдан келеді екен. Жүйкесі бұзылған және әлеуметтік жүйке мүгедектігі бар адам-дардың ұйымдары табысы жоғары елдерге қарағанда табысы төмен елдерде анағұрлым аз.

The Guardian хабарламасына қарағанда 116 млн. адамның жүйкесі тозған Африка елдерінде кәдімгі шаштараздар психолог рөлін атқарады екен. Африканың Камерун сияқты бірнеше елінде “шаш арқылы емдел” арнайы бағдарламасы жұмыс істейтін көрінеді. Бұл бағдарлама бойынша клиенттері құдайдай сеніп, бар сырын да, шынын да айтатын шаштараз-дардың “жүйкені емдеу біліктілігін” арттырады. Арнайы бағдарламадан өткен шаштараздар клиенттерінің жанын жеп жүрген мұң-мұқтажын тыңдап, оларға керекті кеңес береді. “Жоктан жақсы”...

ЖАҢА ЖАҢА

дейді. Кейбіреулер 5-10 жыл бар десе, тағы біреулер келер жылы жаһанды жалпы жасанды интеллект билей бастайды деп жорамал айтуда.


Мәселе, ол болады, немесе болмайды да емес, мәселе оның пайда болар уақытында. Жаңа технологияларға құлай берілгендердің пікірі бойынша оның артықшылығы көп. Мәселен жасанды интеллект емделмейтін ауруларға ем бастаған жаңа дәрі ойлап табуға, климат өзгерісі проблемаларын оң шешуге, таза энергияның таусылмас қайнар көзін табуға көмек береді.

Илон Маск ойынша, тіпті елдің бәрін жаппай жоғары табыс табатын дәуірге жеткізеді.

Қауіпті жағы да бар, Мәселен терроршылар өз мақсатына пайдалана бастаған қалай болады, немесе жасанды интеллекттінің өзі адамды адамзаттың қас жауы санап, оны жоюға ұмтылса ше?

Осындай қауіп бар болғандықтан да кей мемлекеттер қауіпсіздік шараларын қабылдай бастаған. Мәселен Ұлыбританияда жасанды интеллект тәуекелдерін зерттеу үшін мемлекет қаржы бөліп, жасанды интеллектінің қауіпсіздік институтын құрған. Бұдан екі жыл бұрын. Сол сияқты аса ауқатты адамдар да жасанды интеллект қауіпінің алдын ала бастаған сыңайлы. Қауіп қазіргі жасанды интеллект емес, одан да зор, адам интеллектісінен де зор, жасанды интеллектіден де жоғары технологияда болса керек...

Кітапхана



Тасып жүріп ағамның кімге қарыз, кімнен алашақ, ала қашардың қашан туатынына дейін әлгі “мәліметтерден” біліп жүремін. Егер “сенбі күні пәленшенің отбасына шай беріп жібереміз” десе, сол уақытқа дәл келемін. Қысқасы, интернатта жатыр деген аты болмаса, осы үйге жиі келемін, тірлігі түгел таныс. Оның үстіне Мамық жеңешем жақсы адам, жайлы, алақаны ашық. Көзкөрген деп қазақ осыны айтатын шығар, Айтбай ағамның баласы Мұсахан бұл күндері сол кісілердің көзі секілді, әр ісінен аға-жеңгемнің қимыл-харекетін аңғарып тұрамын.

Сосынғы көп баратын үйім Қойшыбай атамдікі. Көкемнен үлкен болғасын бәріміз ата дейміз. Базарбай, Ажарбай, Наразбай, Сенбай деген ұлдары бар, көп балалы шаңырақтың қатарында. Алдымнан шығып, “Бақбержан, қалайсың?» дейтін Пал әжеміз бар. Маған соның бәрі арқа, сүйеніш, демеу. Ит арқасы қияндағы белгісіз бекеттен келіп Жосалыға бірден бауыр басып кету оларсыз оңай шаруа емес еді.

Күндер өте келе интернатқа да үйрене бастадық. Тамақты “бірінші”, “екінші” деп атап беретін өмір дағдысына бейім-делдік. Баяғы дағарадай бөлме-

дейді жыны түссе. Немесе: - Енді байқап жүр, - деп қоя салады. Өдетте, төртбіңе қатысты мәселе түн жарымы ауғанда, тәрбиеші үйіне кеткен соң қаралады.Әлгінің қаһарына ұшырап қалмас үшін ауылдан келген аздаған дәм-тұзымызды аузына тосып әлекіпіз.

— Жеңіз, жеңіз, - дейміз шын көңілден. Тамағынан өтіп кетсе, бізге тиіспес деген есекдәме. Интернат баласының жынына тисең башпайыңның арасына қағаз қыстырып, оған от тигізіп жібереді. Шырт ұйқыда жатып не түсінесің, тырбаңдай бересің. Мұны “велосипед тепкізу” дейді. Одан соң башпайыңның арасы күлдіреп қалады. Немесе ұйқыдағы баланың бетіне тіс пастасымен иттің, мысықтың суретін салып, астына боқауыз жазып қояды. Азанда “аймандай” болып оянасың. Қыздың да, ұлдың да мазағы - сен.

Түнемелік тәрбиешіміз Евгения Ивановна Стародубова біз ұйқыға кеткенше кезекшілікте тұрады. Орал қазағының күйеуге шықпаған кәрі қызы. Әлі күнге дейін Женя апай қазақтың кір-қожалақ балаларының бағына жаралған ба деп ойлаймын. Туған бауырындай бәрімізге қамқорлығын айтсаңызшы. Қаздай тізіп, сапқа тұрғызып орталықтағы моншаға апарады. Келгесін, киім өтекеттеді. Ең бастысы, біреудің біреуге дауыстамай жай сөйлеуін, сыпайы амандасуын, жинақы жүріп-тұруына дейін үйретеді. Кешкілік әрқайсымызды бақылап жүріп жатқызады. Себебі керуетімізде темір тор жоқ, орнында жаңқасы шыққан отыздық тақтайлар. Евгения Ивановна шалбарымызды сол тақтайға төсетіп, су бүрікізіп, үстіне матрац салып өзіміз жататындай етіп береді. Азанда шалбардың қыры пышақтай. Сағат кешкі онды соққанда, жаз-қысқа қарамай жатуға тиіспіз.

ЗАМАННЫҢ ҚАРА НАРЛАРЫ

Жосалыдағы интернат көп қабатты емес, «Диірментөбедегі» қазарманың екеуін қосып, төбесін бірден жаба салған секілді, жайдақана, етек-жеңі кең үй. Өзінің мекен-жайы да елден ерекше, “Барақ-22” деп аталады. Босағасынан аттап кірсең әлдекімнің айдақ-жайдақ қолымен өре салған дағарадай бес бөлмеге кездесесің. Оқитын “бала көп болады” дегесін, үкімет әйтеуір балшығын аямаған, қабырғасын қытай қорғанындай етіп ұзыннан-ұзақ соза берген. Тіпті, “енді жетер” деп құрылысшының қолынан қағып, әрең қойдырған секілді, үйдің сыртындағы кесегі, керегі болмаса да, біраз жерге дейін өріліп барып тоқтапты. Ал, осының өзі “Диірментөбеден” келген балаға Мәскеудегі сьездер сарайындай әсер етіп-ақ тұр.

— Мә-сағ-ған! - дейміз ғимараттың көркіне емес, кеңдігіне таңырқап.

“Ішіме сыйған бала сыртыма да сыяды” деп қанасынан шыққан баласына дейін “айым-күнім” деп қарсы алатын қазақтың кең қолтық әйелдері болады ғой, интернаттың ғимараты да: “Келіндер, оқыңдар, бәріңе де орын табылады” деп жан-жақтан жиналғандарды шатырының астына қаумалап жатыр.

Ауыз үйге кіргенде оң жағында тамақ иісі танауды жаратын асхана. Жетім баладай қонылтақсып жүргенде, ауыл баласына қаланың үйі де, адамы да, төсегі де, тамағы да ұнамайды екен. Тұсынан тоқтамай шығасың. О, шіркін, көпшікті қолтыққа салып, қарның қампайып қара шай ішіп, жата-жастана жеген қара наныңа не жетсін. Асханада қақшыып, беліңді бүкпей, аяғыңды жазбай, шөпке шанышқан құмалақ секілді басыңды көкжитіп отырып тамақ ішуің керек. Үйде тамақты қолды бір шайып алып, үлкен табақтан алақанға уыстап жейміз. Мұнда адам басына бір-бір тарелка, қалайы қасық, сосын жуынды судай етіп стаканға құйған сүтсіз шәй. Тамақты түсінде, не өңінде жеп отырғаныңды білмейсің. Интернаттың алғашқы тамағы өңешіңе өтіп кеткен темір тікендей қадалып тұрып асқазаныңа әрең жетеді. Сүт көже емес, айран көже емес, көбелектің қанатындай етіп киқалап тастаған капуста. Оны сылпылдатып бола бергенінде көзі қызарған винегрет әкеледі. Қалай жейсің?! Теміржол интернатындағы бас аспазшы тетя Тося, қалғандары да орыс реңді әйелдер. Кейде тіл үйіретін компот, арадікік кисель беретіні бар. Тамақты тамақ деп ішсең ғана жұғымды, қаз қиғанына семіреді деген ұғым содан қалған. Тамақсынбасаң, қарның шұрылдай береді. Жосалыдағы ағайын-туыстың үйінен аш-құрсақтың жетпес жерін толтырып келсем деп ойлайсың. Кіікші Кете ағайым Пірімжанның үйіне барамын. Дариха атты апамыздың бергенін жеп қайтамын. Сосын Айтбай ағамның үйіне мектепке бара жатып, келе жатып соға жүремін. Аталыққа салғанда, Айтбай ағам көкеммен немере туыс. Досманбетпен кіндіктес Қуанышбай атты ағасының екі ұлының бірі. Үйден Мамық жеңешем қарсы алады. Тапшылық кезең болса да алдыма тамақ тауып қояды, маған ғана емес, ере барған бес-алты жолдастарыма да жетеді. Қауын-қарбызы, шай-наны бар...

Ішіме ел қонып, көңілденген соң, бітпей жатқан шаруаларына көмектесіп кетемін. Ал Айтбай ағамда тіршілік деген ат қапталынан. Бір жылы қора, келер жылы сарай, одан қалды әжетханаға дейін қайта бұзып, көк бейнетке қалып, қайта салып жатқаны. Ағамның өзін таңқалатын бұл тірлігінен басқа тағы бір мінезі бар. Сірәсі, ұмытып кетпейін дейтін болу керек, қара қаламмен әжетхананың есігіне “22-сәуірде ала қашар қашты”. “Пәленшенің 20 сом қарызы бар. 10 сомын ғынуар айының 5 күні бердік”. “Өткен жылы ағұста Түгелбайдан 5 шпал алдым, ақшасы берілген жоқ” деп жазып қояды. Мен Айтбай ағамның өмірі таусылмайтын құрылысына қажет кірпіштерді бір орыннан екінші орынға тасып жүремін.

лер уақыт өте келе төңіректен жиналған оқушыларға лық толды. Ауыз үйден өткен жан асханаға айналмай, қарсы есікке енсе, маңдайына “Читальный зал” деп жазған кең бөлмеге кірер еді. Осы бөлме маған ұнайды. Ішінде тыныштық, сыртымыздан мұғалімдер қадағалайды. Кешкілік көңілді кештер өтеді. Тәрбиешілер түрлі ойын, викторина өткізіп, би билеуге баулиды. Өтек басуды да осы интернатта үйреніп жатырмыз. Бір шетінде контрамарка деген қара пеш құпшиіп тұр. Сол оқу залының ортасымен жүрсеңіз, жолыңыз екіге айырылады. Егер оң жаққа қарай бұрылсаңыз, айналасы ат шаптырым біз жататын бөлме. Мұнда жырима бес бала темір керуетте бастарымызды айқастарып ұйықтаймыз. Керуеттеріміз қатар-қатар. Ортасында - контромарка. Бізге контрамарканың жылы да, оған әлдекімдердің шегемен ойып жазғанжазуы да ыстық. Бұл жазбалар бірзаманда осы бөлмеде өмір сүріп, ұрпақ ұмытып кетпестей етіп атымызды тарихта қалдырайық деген ниеттен пайда болған, сірә. Біз оны қастерлеп сақтаймыз, өшірмейміз, құдды көсемдердің аты-жөні секілді. Сол есімдер әлі ұмытылған емес. Пештің төбесіне таяу «Абрек» деген жазу тұр. «Абрек» деген ат оңайлықпен берілмейді, оның мән-мағынасына лайықты ісі болғаны. Есімнің қол жетпейтін жерге орналасуына қарағанда, Абекең аяғының астына биік орындық қойып, жан-жағынан «нөкерлері» қаумалап ұстап тұрып, шеге мен нән балғаның салмағымен тасқа қашағандай етіп жазған. Демек, қалада Абрек есімді баланы көрсек, бір уыс болып бүрісіп тұра қалуымыз керек. Мына жазудың астарында сондай «терең» мағына жатыр. Сосын менің Наушан ағамның аты тұр. Пештің кеудесінен орын алу Наушан секілді «Диірментөбенің» баласына оңайға түспегені мәлім. Менің ауылдасымның беделді, ешкімнен беті қайтпаған қайсар бала болғаны. Шынында, Наушан ағамызды бұрыннан білеміз, мектебін интернатта бітіріп, Алматыдағы институттың біріне түсіп кетті. Ол өзінің намысты жан екенін өмірде талтай дәлелдеді. Сосын «Мәжит», «Тарған» деген есімдер бар. Қазір айтсақ, бәрі үлкілі көрінер, темірді ойып атын жазған азаматтар кейін қоғамға, ғылымға үлесін қосқан белгілі азаматтар болып, есімін ел танытын дәрежеге жетті. Мысалы, Мәжит Бәймәбетов — «Сызу» оқулығын орысшадан қазақшаға алғаш аударған ғалым азамат. Демек, пешке түскен аттардың бәрі тегін болмай шықты. Күндегі көретін жазуды жатарда-бір, ертеңгілік-екі оқимыз.

Ал қарсы есіктің арғы жағында он бес қаралы қыз жатып-тұрып, сабағын оқиды. Бізбен бірге барып тамақ ішеді. Асхананың маңдайшасына: “Когда я ем, я глух и нем” деп жазып қойған. Демек, тамақ ішкен кезде жан-жағыңа жалтақтап, анаған, мынаған бір ойыңа келгенді сапырып соға бермеуің керек. Ондай жағдайда интернаттың ішінен сайлап алған “атаманымыз” бар. Ол әлімжеттік заңымен қабырғасын жазумен айқыштап тастаған пеш түбінде жатады. Біз оның төсегін жинаймыз, керек десеңіз көйлек-шалбарын өтектеп, киімін қағып-сілкіп береміз. Ол алдына шақырған кезде дауысын көтеріп:

— А-ну-ка сюда! — дейді.

Көзіміздің астынан сүзіп, қай мінезіміз жақпай қалды екен деп мөлтендеп барамыз.

— Жаңа асханада неге сөйлеп отырдың?

— Білмей қалыппын.

— Мә, саған білмеген. — Төсегінің астынан суырып алған талдың шыбығымен май құйрықтан тартып жібереді. — Енді сөйлесең далаға түнейсің.

Содан ба, “атаманымызға” бала да болсақ, жағының, көрпе-төсегінің шашау жатқан етегін жинақтап, оған деген көңіліміздің ақжарқын, адал екенін білдіріп, шақырғанда күлімсіреп жетеміз.

— Атаңның басына ыржалақтап тұрсың ба?-

— Ложились. Теперь спать. Я здесь,- деп бөлме ішін кезіп жүреді.

Женя апайдың сөзін екі етпейміз, ал, ауысымға келетін Галина Александровнаның әлі-шапсіін шығарып жібереміз. Ұйықтауға бұйрық берілсе, көрпе астынан сығалап:

— Апай, шай-дейміз.

— Кто это? Бакбер, ты?

— Бостан, ты?

— Мен емес, мен емес.

Бостан азар да безер болады. Ол - тәртіп-тәрбиесі мол Абат әкеміз бен Сырға апамыздың ұлы. Табиғатымыз ұқсас, ойынымыз бір, үйіміз іргелес, қашан да қатар жүреміз. Сырғашемеміз Бостанға: “Ойнасаң, Бақбермен ойна» дейді екен. Кездескен жерде маған да Бостанды тапсырып жатады. Интернат бөлмесінде қатар жатқан Бостан қазір Жезқазғанда тұрады, елге танымал, беделді азамат болып өсті. Айтары жоқ, Галина Александровнаны үйіне жылатып қайтарамыз. Баланы еркіне жіберсең, басыңа шығады ғой. Ондайда аузы уәлі Женя секілді апай керек. Не керек, отызды орталаған шақта, біз мектеп бітіретін жылы Женя апай да тұрмысқа шықты.

— Апай күйеуге тиіпті.

— Кімге?

— Летчикке...

Қуанып жүрміз. “Летчик” деген жаңалық. Сол жылдары Қызылорда көлеміндегі ең үлкен әуежай Жосалының түбінде болатын. Онда түрлі аэростат, локатор, күмбезді үй, антенна, оқтай түзу жол көзге ұрып тұрады. Бір заманда Жосалы әуежайына Джавахарлар Неру, Закир шах секілді мемлекет басшылары келіп қоныпты. Ал, Байқоңырдың қазығын қағып жатқан Мәскеудің маңғалбастары алдымен Жосалыға түсетін. Күні-түні ұшақтарды үздіксіз ұшырып-қондырып жатқан айлақ болғасын, оның қызметкерлері, жөндеушілері, техникалық қызметшілері болмай ма? Сондай бір ұшқыш апайымызды қағып түсіпті. Жақсы адамға бала да тілектес. Себебі Евгения Ивановна тұрмысы төмен, бәтіңкесі жыртылған, қалам-дөптері жоқ балаға қалтасынан ақша береді. Үйдегі үлкен апаң секілді. Маған да сызғыш берген. Пансион интернаттың балалары қазынаның есебінен оқыса, менің жатып оқығаным үшін әкем 48-50 сом жалақысының 12-15 сомын мемлекетке төлеп тұрды. Содан пансион интернат балаларын өзімізден төмен санап, келемеж қыламыз. Оларға тегін тамақ, тегін киім, бәрі өкіметтің мойнында. “Арамтамақтар!”

Жосалыны ел қазағы шаһар дейді. Олардың мәдениеті де “Диірментөбемен” салыстырғанда кісі бойы, қол созым жерде биік тұр. Мысалы, өзіммен қатар оқитын Сәдуақас, Алматы, Темірбектер бізге қарағанда, жүзактің көзінен өткендей сыпайы-ақ, ызылып тұр. Біз де өмір жаңалығына бейімделіп, етек-жеңімізді жинақтап, тартыла бастадық.

Сегізінші класс оқитын жылдары Ақмола облысынан Нұрхан көшіп келіп, ауарткомда хатшылық қызмет жасайтын Нұрымжанов деген нашарысының үйінде тұрды. Нұрхан бар бітім-болмысымен бізді таң-тамаша қалдырды. Бойы шап-шағын, ал қолындағы қос құлыпты былғары сөмкесі бауырымен жер сызып жүреді. Қалта-қалта, бұрыш-қуысы мол бұл сөмкеге қызыға қараймыз. Ал Нұрханның өзі сартылдатып баскетбол ойнап, ызыңдатып гитара тартатын болып шықты. Біздің де ырғақ қуалап, гитара шерткіміз келеді, құрғырдың жеті шегі жеті жаққа қашып, дауысы құмығып, ақыры жоқ болып тынады.

Басымызды енді-енді алып жүретін кезеңде едік. Әлі де болса “Барақ 22-ден” шығып, мектепке жеткенше ауланың иттерін абалатып, дарбаза жақтауларын сызып, сурет салып, біреуден сөз естіп, біраз нәрсені бүлдіріп келетінібіз. Мұндай “мәдени

революцияға” интернаттағы достарым Аман, Мерген, Қалжан, Қорқыт стансасынан келген Жақыпбек, өзім түгел қатысатынбыз, Жалпы, интернат баласының тіршілігі бір-біріне ұқсас. Сондықтан төрт-бес класс төменірек оқитын Қорқыттан келген Бекмырза, Алдабергендер де біздің “тіршілігімізді” қайталайтын. Біздің көрермендеріміз де көп емес, интернаттың қыздары, көдімгі қарсы есіктің тұрғындары — Сән, Раушан, Сағат, Райхан...

Орыс ортасын көрген Нұрханның өнегесі бізден белек-ті. Біздің тәрбиеміз — елден, ел адамдарынан. Солардың дағдысы, сөзі, әңгімесі, киім киісі — өнеге. Сондықтан ауыл адамының қалпын емеуірінінен түсіне қаламыз. Интернатқа дейін өмірдің не екенін “Диірментөбенің” биігінен қарап білдік. Ол биігіміз, өзімізге әулиедей көрінетін, құдай жолы, тойда қос уысын толтырып ет асататын ақсақалдар Қонысбай, Кеулімжай, Маханбетжан, Жарылқаған, Сартай, Мәжит, Саржан, Кәрібоз, Яхия, одан кейінгі лекте Халықбай, Құнтауар, Қанибай, Мәдина, Аяған, Ыбырайым, Сырға секілді аға-апаларымыз болатын. Олардың ішінде Нәкей мен Айбала апамыздың, Құлшайдың бейнелері естен кетпейді. Нәкей әжеміздің жасын қашан сұрасаң да: — Мына Төретам жақтан келетін пойыздың нөмірімен бірдей ғой,- деп өзгермей, өспей тұра беретін. Әжелеріміз машина, трактор, радионы “арба” деп, аурухана, кеңсе, мектепті “дегдом” деп, бір сөзбен қайырып салатын. Ал қорамыз қатар түскен Айбала кемпір ұршығын ұстай келіп, босағаға отыра қалып, күнде әңгіме тізгінін ағытатын. Неге екенін білмеймін, Айбала кемпірдің әр күнгі әңгімесін тыңдаймын. Кейде түсініксіз, кейде

оқиғасы қызық. Қалада Нәкей, Айбала секілді кемпірлер қайдан болсын. Әйтеуір, апама кемпірлердің әңгімесі үлкен қуат беретін секілді. Өмірде жеген таяғы көп, тағдыр тауқыметін тартып, кіндіктен жалғыз болғасын, өңімеңі серік ететін шығар.

Бастауыш мектепте оқып жүрген кезімде, көктемшілік, не күзге салым, қойшылар дариядан өтіп, Қарақұмға бет алады, не Қарақұмнан Сыр бойына қайта құлайды. Жүргіншілік уақытта үйіміз қонаққа толып, берекеміз кіріп жататын. Апам жағынан туыс болып қатысатын Мұзаппар, Жанымкүл бар. Жанымкүл Жақы әжеме туыс болып келеді. Әжемнің тағы бір туысы — Өбілмәжін атам. Ел көшіп, ойдағы ел қырдағы елмен табысқанда, туғандары Жақы әжеммнен көрісіп қауышатын. Бір-біріне деген сағынышын баса алмай, түнемелік әңгіме-дүкен құрушы еді. Сондай бір жақын адам әлі күнге дейін “Жаңажол” ауылында тұратын Ақынбек ағам. Мені көрген сайын қуанғаннан бір желпініп басылады.

Мұзаппар атамыздың перзенті болмады. Біреудің құдайжолы, той секілді шақырыс-пасына бару үшін ауыл-үйдің бос жүрген балаларын әкеліп, қойын бақтырып қоатын. Бір күні қой бағуға мені қалдырды. Шынымды айтсам, иесіз далада ессіз қойды қайтарып жүргеннен артық бұл дүниеде азап бар деп ойламаймын. Мұзаппар атам оған қарар емес, маған отарды өргізіп-тұрғызудың жайын үйретіп жатыр.

— Азанда ұйықтап қалма. Қой өріске өзі шығады, тек түйеге мініп, ізінен қалмай жүрсең болғаны.

— Түсте ше?

— Қарнына ел қонған мал кешікпей келіп, суды өзі ішеді. Содан бесінге дейін, күн ыстығы қайтқанша қылп етпей жатады. Ара-арасында қарап қойсаң болғаны.

— Жарайды...

— Кешкілік қонысқа өздері келеді.

Жеті-сегіз жасар бала неге илікпесін, “бағамын” дедім. Мұзаппар атам қайыққа мініп, дариядан әрі өтіп кетті. Асығып тойға барады. Алты жүздей қара қойды аңыратып-маңыратып, қамыс қораның қасында екі қолым алдыма сыймай тұр. Түйеге мініп отардың ізіне түстім. Бірде-біреуінің менімен шаруасы жоқ, өріс қуалап барады. Өне жерде мола, мына жерде жал қамыс өскен арық, бір жерде оқпанның орны жатыр. Кеңіліме қорқыныш кірді. “Қойы құрысын, онан бұрын өзімді қасқыр жеп кетер” деп, қолымды бір сілтеп, Мұзаппар атамның ізімен стансадан бір-ақ шықтым. Сөйтсем, атам әлі жүре қоймапты.

— Әй, Бакбер, қой қайда? — дейді.

— Өрісте.

— Неге келдің?

— Бармаймын. Бақпаймын, - деп табан асты азар-безерім шықты.

Атамның басы дыңылдап кетті. Мұныма әке-шешем ренжіп жатыр. Қазір ойға әрнәрсе түседі ғой. Сол қойды бала кезден бақпасам да, қойшының өмірін көзіммен көрдім ғой. Ол да өмір емес пе? Сондықтан даладан келген баланың қала тіршілігіне еніп кетуі бөлек. Бәлкім, қалада тұрмысы төмен шаңырақ бар шығар, төмен де болса, киімін қырлап, тазалап, ұқыпты киіп жүреді. Біздің киім қолға ілінген матадан тігіледі. Ақынбек ағам әлі күнге айтады, Алматыға оқуға барарда киім таппай айта келіпті. Апам айран сатып жүріп, әлдекімдерден сатып алған торкөз сүлгілерден көйлек тігіп беріпті. Сүлгінің матасы көзге ұрып тұрады және инвентарлау кезінде әрқайсысына баттитып штамп басқан екен. Штамта түсініксіз жазулар бар көрінеді. Ақылбек ағам сүлгі-көйлегімен пойызға мінсе, Алматыға жеткенше жолаушы біткен айналасынан шықпай, әлгі штамп жазуын оқумен болыпты.

(Жалғасы бар)

Сұрағым бар...

«ТӘУЕЛСІЗДІК ҰРПАҚТАРЫ» ГРАНТЫ КІМДЕРГЕ БЕРІЛЕДІ?

Мемлекет басшысының бастамасымен “2021 жылдан бастап шығармашыл жастарды қолдау мақсатында жыл сайын 3 миллион теңге көлемінде «Тәуелсіздік ұрпақтары» гранты беріледі.

Биылғы жылдың қараша айында «Тәуелсіздік ұрпақтары» гранты табыс етіледі. Бүгінгі күнге 1391 үміткер құжат тапсырған. Грант 6 бағыт бойынша 14-35 жас аралығындағы жастарға беріледі. «Ғылым», «Мәдениет», «Ақпараттық технологиялар», «Бизнес», «Медиа» және «Волонтерлік» аталатын 6 бағыт бойынша табысталады.

Грант жарияланғалы белі 123 жас грант иегері атанды. 2021 жылы 30 адамға, 2022 жылы 33 адамға, 2023 жылы 30 адамға, 2024 жылы 30 адамға табысталды.

«Ғылым» – жаңа ғылыми жобаларды және зерттеулерді іске асыруға арналған;

«Мәдениет» – Қазақстанның мәдени мұрасын танымал етуге, халықтық мәдени дәстүрлер мен өнерді ілгерілетуге бағытталған жобаларды іске асыруға арналған;

«Ақпараттық технологиялар» – жаңа IT шешімдер мен жобаларды, оның ішінде жаңадан басталған стартап жобаларды іске асыруға және әзірлеуге арналған;

«Бизнес» – жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған; «Медиа» – жаңа медиа жобаларды, оның ішінде жастар үшін танымдық, пайдалы, қызықты контент құру жөніндегі жобаларды іске асыруға арналған;

«Волонтерлік» – өзекті, әлеуметтік проблемаларды шешуге бағытталған волонтерлік жобаларды (бастамаларды) іске асыруға арналған.

6 бағыт бойынша жобаларды іске асыру үшін конкурстық негізде беріледі.

МЕРЗІМІ ӨТКЕН БЕРЕШЕКТІ ҚАЛАЙ РЕТТЕУГЕ БОЛАДЫ?

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі заңнамаға сәйкес қарыз алушылардың банкротмен, микроқаржы ұйымдарымен (МҚҰ) және коллекторлық агенттіктермен бірыңғай өзара іс-қимыл тетігінің белгіленгенін еске салады.

- Қарыз талаптарын қалай өзгертуге болады?

- Қаржылық қиындықтар туындаған жағдайда қарыз алушының міндеттемелерді орындау талаптарын өзгерту туралы жазбаша өтінішпен өз кредиторына (банк, МҚҰ немесе коллекторлық агенттік) жүгінуге құқығы бар.

Қаржылық жағдайдың нашарлағанын немесе мерзімді кешіктірудің себептерін растайтын құжаттарды өтінішке қоса беру қажет. Бұл жұмыссыз ретінде тіркелгені туралы анықтама, жұмыс берушінің еңбек шартын тоқтату туралы, жалақы сақталмайтын демалыс беру туралы актісі немесе жақын туыстарының, қарыз алушының жұбайының (зайыбының) ауруын растайтын еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтама, қарыз алушының жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) қайтыс болғаны туралы куәлік/анықтама, қарыз алушыға жазатайым оқиға, үшінші тұлғалардың заңсыз әрекеттері нәтижесінде

материалдық залал келтірілгенін растайтын құжаттар, мүгедектік туралы анықтама, сот актілері және қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлау фактісін растайтын құжаттар болуы мүмкін. Қажетті құжаттардың толық тізбесі Агенттіктің сайтында қолжетімді.

Өтініш кредитордың мекенжайы бойынша жеке, сондай-ақ егер бұл шартта көзделген болса, мобильді қосымша немесе электрондық пошта арқылы берілуі мүмкін. Кредитор күнтізбелік 15 күн ішінде жолданымды қарайды және шешім қабылдайды.

- Кредитордың шешімі ойыңыздан шықпаса, қайда жүгіну керек?

- Егер кредитор қабылдаған шешім қарыз алушының ойынан шықпаса, онда банк не микроқаржы омбудсманна жүгінуге болады. Банктердегі қарыздар бойынша – bank-ombudsman.kz сайты арқылы.

Жолданымға:

- шарт пен төлемдер кестесін;
- банкке немесе коллекторлық агенттікке жүгінудің дәлелі мен олардың жауабын;
- қаржылық қиындықтарды растайтын құжаттарды қоса беру қажет. МҚҰ қарыздары бойынша – mfombudsman.kz сайты арқылы.

ӨЗІҢДІ КРЕДИТТІК АЛАЯҚТЫҚТАН ҚАЛАЙ ҚОРҒАУ КЕРЕК?

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі кредиттік алаяқтықтан қорғау үшін шаралар қабылдау қажеттілігін еске салады және қолда бар құралдарды пайдалануды және қарыздарды ресімдеу кезінде қауіпсіздік қағидаларын сақтауды ұсынады.

Сіздің атыңызға алаяқтық кредитті ресімдеу тәуекелін азайту үшін:

1. eGov.kz порталында, eGov mobile қосымшасында немесе кредиттік бюро арқылы «Stop кредит» қызметін қосыңыз. Бұл сіздің атыңызға кредит алу мүмкіндігін бақылауға мүмкіндік береді.

2. Кодтарыңызды құпия сақтаңыз. Қоңырау шалушы адам өзін банк, қауіпсіздік қызметі немесе мемлекеттік органдардың қызметкері деп таныстырса да, ешқашан және ешкімге СМС-кодтарды, PIN-кодтарды, бір

реттік парольдерді (ОТР) немесе Secure-кодтарды бермеңіз.

3. Бейтаныс адамдардың өтініші бойынша өзіңіздің телефоныңызға немесе компьютеріңізге қашықтан қол жеткізу бағдарламаларын орнатпаңыз.

4. СМС, мессенджерлер немесе жарнамалық хабарландырулардан күмәнді сілтемелер бойынша өтпеңіз.

5. Онлайн банкинкке және басқа да маңызды сервистерге кіру үшін екі факторылы аутентификацияны пайдаланыңыз.

6. Кредиттік бюрларда өзіңізді кредиттік есебіңізді үнемі тексеріп отырыңыз – бұл рұқсат етілмеген қарыздарды уақтылы анықтауға көмектеседі.

Осы нұсқауларды орындау арқылы сіз кредиттік алаяқтықтың құрбаны болу тәуекелін айтарлықтай азайтасыз.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ 25,11 ТРЛН. ТЕҢГЕДЕН АСТЫ

2025 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша қазақстандықтардың зейнетақы жинақтарының көлемі **25,11 трлн. теңгеден** асты. 12 айда **4,22 трлн. теңгеге** немесе 20,2%-ға артты.

2025 жылдың 1 қыркүйегінде міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарының көлемі **23,84 трлн. теңге**. 12 айдағы өсімі – 18,6%.

Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) бойынша зейнетақы жинақтары – **710,63 млрд. теңге**, 12 айдағы өсім – 13,3%.

Бір жыл ішіндегі ең үлкен өсім - 36,0%ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша жинақтар көрсетті, олардың 2025 жылдың 1 қыркүйегіндегі жағдай бойынша көлемі **9,21 млрд. теңге**.

Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы шоттарына 2024 жылғы 1 қаңтардан бастаптүсе бастаған жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) 2025 жылдың 1 қыркүйегіне **552,11 млрд. теңге** болды.

Түсімдер

Зейнетақы жинақтарының көлемі зейнетақы жарналары мен инвестициялық кіріс түріндегі кіріс ағындары есебінен ұлғаяды. Бір жыл ішінде салымшылардың жеке және шартты зейнетақы шоттарына 2 104,98 млрд.теңге түсті, өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 18,2%-ға (немесе 324,17 млрд. теңгеге) артық.

МЗЖ есебі жүргізілетін жеке зейнетақы шоттарына (ЖЗШ) 2025 жылдың басынан бастап 1 қыркүйегіне дейін1 725,25 млрд. теңге (өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда МЗЖ көлемі 10,3%-ға ұлғайды), МКЗЖ – 89,92 млрд. теңге (өсім –19,9%), ЕЗЖ – 1,65 млрд. теңге түсті. 2025 жылдың 8 айында ЖМЗЖ 288,15млрд. теңгені құрады.

Төлемдер мен аударымдар

2025 жылдың 8 айында БЖЗҚ-дан жарналардың барлық түрлері бойынша жасалған төлемдер мен сақтандыру ұйымдарына аударымдар **1 157,29 млрд. теңгені** құрады. Бұл былтыр жасалған төлемдер көлемінен 56,4% немесе 417,31млрд. теңгеге көп.

Төлемдердің басым бөлігі тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдерінің (БЗТ) еншісінде – **684,71 млрд. теңге**.Бұл ретте баламалы мақсаттарға төлемдер көлемі өткен жылғы көрсеткішпен салыстырғанда екі еседен астам өсті.

Зейнет жасына толуына байланысты төлемдер жыл бойына 22,86% ұлғайып, 01.09.2025ж. **160,43 млрд. теңгеге** жетті. БЖЗҚ-дан зейнет жасына толуына байланысты кесте бойынша берілетін орташа айлық төлем – 35 691 теңге.

Жыл басынан бері 01.09.2025ж. дейін мұрагерлік бойынша **46,47 млрд. теңге**, ҚР-дан тыс жерге тұрақты тұруға кетуге байланысты **28,62 млрд. теңге**, мүгедектігі бар адамдарға – **2,08 млрд. теңге**, жерлеуге – **7,19 млрд. теңге** көлемінде төлем жасалды. Сақтандыру ұйымдарына **227,79 млрд. теңге** аударылды.

ЖЗШ саны

2025 жылдың 1 қыркүйегіндегі жағдай бойынша БЖЗҚ-дағы зейнетақы шоттарының жалпы саны – 17,88 млн. бірлік (12 айдағы өсім–1,22 млн. бірлік немесе 7,3%). Бұл ретте салымшылардың (алушылардың) БЖЗҚ-дағы ЖЗШ саны 2025 жылдың 1 қыркүйегіне12,63 млн. бірлік болды. Оның ішінде: 11,23 млн.- МЗЖ бойынша, 748,20 мыңы - МКЗЖ бойынша, 458,30 мыңы – ЕЗЖесептелетін шоттар.

Ал БЖЗҚ-дағы ЖМЗЖ туралы мәліметтер ескерілетін шартты зейнетақы шоттарының саны - **5,25 млн.** бірлік.

12 АЙДА ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КІРІС 2,74 ТРАН. ТЕҢГЕГЕ ЖЕТТІ

2025 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша отандастарымызға соңғы 12 айда есептелген инвестициялық кіріс **2,74 трлн. теңгеге** жетті. БЖЗҚ-ның МЗЖ, МКЗЖ, ЕЗЖ есебінен зейнетақы активтерінің кірістілігі 12,60% құрады, инфляция мөлшері – 12,20%. ЖМЗЖ-ның соңғы 12 айдағы кірістілігі 01.09.2025ж. – 7,64%.

Қазақстандықтардың ағымдағы жылдың 8 айындағы таза инвестициялық кірісі – 1 270,99 млрд. теңге. Оның ішінде 1 265,72 млрд. теңгесі салымшылар мен алушылардың жеке зейнетақы шоттарына (ЖЗШ) есептелген міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ), ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен зейнетақы жинақтарын инвестициялаудан түскен табысқа тиесілі. Қазақстандықтардың шартты зейнетақы шоттарына (ШЗШ) есептелген жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) есебінен

зейнетақы жинақтарын инвестициялаудан түскен таза инвестициялық кіріс 5,26 млрд. теңгені құрады.

Зейнетақы активтерінің қысқа мерзімді жеке кезеңдердегі кірістілігі оларды басқару тиімділігінің көрсеткіші бола алмайды. Өйткені қаржы құралдары мен басқа операциялар бойынша сыйақы түріндегі қысқа мерзімде есептелген кірістер осы кезеңдегі бағалы қағаздар мен валюта бағамдарының өзгеруін әрдайым жаба бермейді. Сондықтан инвестициялық кірістің мөлшерін объективті талдауды кем дегенде бір жылдық көрсеткіші бойынша жасаған жөн.

Ұзақ мерзімді кезеңде жинақталған инвестициялық кірістілік инфляциядан асып түседі. 1998 жылы жинақтаушы зейнетақы жүйесі құрылған сәттен бастап 2025 жылғы 1 қыркүйекке өспелі қорытындымен жинақталған кірістілік **979,95%** -ды көрсетті. Бүкіл кезеңдегі инфляция – **827,78%**.

Естеріңізге сала кетейік, инвестициялық табыс қаржы құралдары (бағалы қағаздар, салымдар және басқа операциялар), сыртқы басқарудағы активтер бойынша сыйақы есебінен, сондай-ақ қаржы құралдарын нарықтық және валюталық қайта бағалау есебінен қалыптастырылады. Зейнетақы жинақтарының құрылымы үнемі түзетіліп отыратын әртүрлі қаржы құралдары мен валюталарға орналастырылады.

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару мен есепке алу жүйесі толықтай ашық: әрбір салымшының enpf.kz сайтындағы немесе мобильді қосымшадағы жеке кабинетінен өзінің инвестициялық кірісін көруге мүмкіндігі бар.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

“ҚОРҚЫТ АТА” ӘУЕЖАЙЫНАН ГАГАРИН КӨПІРІНЕ ДЕЙІНГІ ДАҒҒЫЛ

Қызылорда қаласы күні мерекесі қарсаңында Тәуелсіздіктің 25 жылдығы даңғылының екінші кезеңі аяқталып, Әбілқайыр хан көшесінен Саламатов көшесіне дейін жаңадан салынған автомобиль жолының салтанатты ашылу рәсімі өтті. Оған Парламент сенатының депутаттары, зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары, қала тұрғындары қатысты.

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев жол инфрақұрылымын дамытуда атқарылған жұмыстарды атап өтіп, жиналған қауымды жаңа жолдың ашылуымен құттықтады.

– “Қызылорда - мегаполис болмағанымен, қарқынды қалалық инфрақұрылым мен өмір сүру сапасын арттыру, экономиканы әртараптандыру бағытында нақты қадам жасаған қала. Халық саны жыл сайын өсуде, аймақ тұрғындарының шамамен 50%-ға жуығы облыс орталығында тұрады. Біз жұртшылықтың жайлы өмір сүруіне бағытталған, қауіпсіз, таза, қолжетімді әрі зияткер қала құру бағытында нақты қадамдар жасадық.

Облыс орталығының негізгі көшелері Шиелі ауданынан кіреберіс жол, Яссауи, Жаппасбай батыр магистралді көшелері төрт жолақты болып кеңейтілді.

Бүгін міне, Тәуелсіздікке 25 жыл даңғылының екінші кезеңі аяқталып, ел игілігіне табысталауда.

Қорқыт ата әуежайының жаңа терминалынан бастап Гагарин көпіріне дейінгі 27,3 шақырым жол төрт жолақты болып салынды.

Жол бойындағы Сыздық, Жаңадария, Шіркейлі каналдары үстіндегі 3 көпір қайта жаңғыртудан

өтіп, төрт жолақты болып кеңейтілді. Бұл мақсатқа бюджеттен 23 млрд. 962 млн. теңге бөлінді.

Жолдарды дамыту қалада өмір сүруді әлдеқайда ыңғайлы әрі қауіпсіз етіп, көліктердің кедергісіз қозғалысына оң септігін тигізеді.

Құрылыс жұмыстарын сапалы әрі мерзімде жүргізген «УАД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қызылордалықтардың атынан шынайы алғысымды білдіремін.

Әрдайым бірлігіміз бекем, ынтымағымыз ырысты болсын!

Жаңа жол берекеңің бастауына айналсын! Еліміз еңселі, Тәуелсіздігіміз мәңгілік болсын!”,- деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Рәсімде жаңа жолды сапалы етіп салуға үлес қосқан мердігер мекеме қызметкерлері Құрмет грамотасымен және облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Қоғам қайраткері Ибрагим Әбибуллаев ақ батасын берді.

Тәуелсіздік даңғылының ашылу рәсімінде авто және велошеру ұйымдастырылды. Шеруде кейінгі жылдары заманауи техникамен қамтамасыз етілген салалардың көліктері көрсетілді. Атап айтқанда, соңғы үш жылда облыстың медицина ұйымдары мен жедел жәрдем станцияларына 270 жаңа санитарлық көлік, білім саласына 30 оқушы автобусы, қоғамдық көлік паркіне 300 жаңа автобус және 100 экотакси, төтенше жағдайлар қызметіне 31 өрт сөндіру техникасы, коммуналдық кәсіпорындарға 169 арнайы техника, ветеринария саласына 98 көлік берілген.



АУЛАЛАР АБАТТАНУДА

Аймақ басшысының қолдауымен аулаларды абаттандыру, тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыру жұмыстары белсенді түрде атқарылуда. Бұл жоба бойынша 19 шағын футбол алаңы, 25 жаттығу аймағы, 21 балалар ойын алаңы, 15 аулаішілік шаруашылық алаңы мен 13 демалыс орнын салу көзделсе, әрбір нысан талапқа сай жабдықталып, техникалық жағдайын, тазалық пен төртіпті, балалар қауіпсіздігін сақтау бірінші міндет болып тұр.

Мұндай шараларды «Универсам» мөлтек ауданындағы Бектұрғанов көшесі №13 үйдің ауласында бой көтеріп жатқан ойын алаңынан көруге болады. «Еңбек Қызылорда» мекемесі атқарып жатқан балаларға арналған



заманауи сырғанақтар мен өткеншекттердің айналасына қауіпсіздік төсеніштері төселіп, түнгі жарық шамдары қойылуда.

Жалпы, қала тұрғындарының жайлы өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған бағалы бастама тұрғындардың көңілінен шығуда.

“ЖАС АЛАШ. ШЫНДЫҚ ШЫРАҒЫ” САХНАЛАНДЫ

Қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне қарасты “Жастар” театры Қызылорда қаласының астана болғанына және қазақ атауының қайтарылғанына 100 жыл толуына орай дайындалған арнайы жоба “Жас алаш. Шындық шырағы” тарихи драмасын сахналады. Қойылымды тамашалауға Қызылорда облысының прокуроры, генерал Ризабек Кәрімұлы бастаған прокуратура қызметкерлері, сондай-ақ Ахмет Байтұрсынов атындағы №211-ші орта мектептің және Нәлқожа Ерғешбаев атындағы №172-ші орта мектептің ұстаздары қауымы, озат оқушылары келді. Осыдан 100 жыл бұрынғы қала тарихына бойлатқан қойылым көпшілік көрерменге ерекше әсер сыйлады.

БАС ШАҒАРДЫҢ БАҒАЛЫ БАСТАМАСЫ

Облыс әкімінің қолдауымен Қызылорда қаласында жол-көлік инфрақұрылымын дамыту бағытында маңызды жобалар жүзеге асырылып келеді. Соның нәтижесінде шаһардағы көшелер кеңіп, жол сапасы артты. Қала орталығымен қатар кент, ауылдық округтер және шет аймақтардағы жолдардың да жағдайы назардан тыс қалып жатқан жоқ. Солардың бірі ретінде Сұлтан Бейбарыс пен Мұстафа Шоқай көшелеріндегі жөндеу жұмыстарын атауға болады. Аталған учаскелерде мердігер мекеме – «Қыран» ЖШС жолшылары табысты істі жандандыруда. Олар жергілікті асфальт-бетон өнімдерін пайдалана отырып, жол сапасын сақтауға барынша мән беруде. Мұндағы учаске басшысы Марат Серкешбаевтың айтуынша, жөндеу жұмыстары сапа стандарттарына сәйкес келеді.

ТАРИХТЫҢ ТАҢБАСЫ, РУХТЫҢ ОРДАСЫ - ҚЫЗЫЛОРДАМ

Қызылорда қаласына қарасты Белкөл кентінің клубы мен Қызылорда “Ашық” университетінің өнерпаздары Қызылорда қаласының астана болғанына 100 жыл толуына және «Қала күні» мерекесіне орай “Тарихтың таңбасы, рухтың ордасы - Қызылордам” атты мерекелік концертін ұсынды.

“Шұғыла” мөлтек ауданындағы Бұқарбай батыр ескерткіші алаңында өткен шарада “Сыр елі”, “Туған жер”, “Қызылордам”, “Атамекен” әндері шырқалып, көңілді билер көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Айта кету керек, осындай шаралар қаламыздың барлық мөлтек аудандарында ұйымдастырылуда.

100-ге ЖУЫҚ ОҚУШЫ БІР МЕЗЕТТЕ КҮЙ ТАРТТЫ

Қызылорда қаласының астана болғанына 100 жыл толуына орай 100-ге жуық оқушы бір сәтте Құрманғазының «Балбырауын» күйін орындады.

Тасбөгет кентінің өнерпаз ұландары ұлттық музыканы дәріптеп, домбыраны насихаттау арқылы осылайша қала тұрғындарына рухани әсер сыйлады.

Мерейлі мерекеңмен, Қызылордам!

ЖАҢАРҒАН САЯБАҚҚА ТАЛ ЕКТІК...

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қайта жаңғыртудан өткен Қорқыт ата саябағында өткен «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясындағы тал егу шарасына қатысты. Оған ҚР Парламенті Сенатының депутаттары, зиялы қауым өкілдері, ел ағалары және қала тұрғындары келді.

“Қорқыт ата” кітабының 1300 жылдығына арнап орнатылған ескерткіш маңындағы саябақ 2002 жылы ашылған. Бүгінде толық жаңарып, тұрғындардың демалысына, серуендеуіне, балалардың ойнауына қолайлы орынға айналды. Абаттандыру жұмыстары 38 828 шаршы метр аумақты қамтыды. Оның 1 826 шаршы метрі – құрылыс алаңы, 13 430 шаршы метріне брусчатка төселген, ал 23 572 шаршы метрі көгалдандырылған.

Саябақ аумағында заманауи субұрқақтар, спорт және балалар ойын алаңдары, серуен жолдары мен жарықшамдар орнатылған. Сондай-ақ келушілердің жайлы демалысы үшін орындықтар, шағын сәулеттік нысандар қойылып, көгалдандыру және суару жүйесі жүргізілген.

«Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы аясында өңірдің барлық елді мекенінде жаппай сенбіліктер мен тал егу шаралары ұйымдастырылды.



Шара барысында облыс аумағындағы скверлер мен аллеялар, парктер мен көшелер, теміржол бойы, су айдындары және республикалық, облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының бойы тазартылды.

Жалпы экологиялық акцияға 20 мыңға жуық адам қатысып, зиялы қауым, еріктілер, экобелсенділер, үкіметтік емес ұйымдар өкілдері, кәсіпорындар мен мекеме қызметкерлері белсенділік танытты. Нәтижесінде облыс аумағына 13 мың түп тал егілді.

ҚЫЗЫҚТЫ ДУМАНДЫ БІРГЕ ТАМАШАЛАЙЫҚ!

Қызылорда қаласының астана болғанына, қазақ атауының қайтарылғанына 100 жыл толуына және “Қала күні” мерекесіне орай өтетін салтанатты гала-концертке шақырамыз!

17 қазан күні сағат 18:00-де Сол жағалаудағы жаңа стадионда мереке ажарын айшықтайтын ғаламат кеште қазақ эстрадасының жарық жұлдыздары Жеңіс Ысқақова, Мәдина Сәдуақасова, Гүлнұр Оразымбетова, Кеңес Әлімжан, Төреғали Төрәлі, KALIFARNIA, Райм және Жарасхан Төлебай өнер көрсетеді.

Кеш жүргізушілері талантты жерлестеріміз Мәдина Сәдуақасова мен Ғалымжан Кеңшілік.

Қызылорда кешін бұрынғыдан да жарық ететін мерекелік отшашумен түйінделетін қызықты думанды бірге тамашалайық!



“АЛТЫН КҮЗ” ЖӘРМЕҢКЕСІНЕ КЕЛ!

18 қазан күні “Алтын күз” шарасы аясында Қызылорда қаласы мен барлық аудандардың қатысуымен ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі ұйымдастырылады.

Жәрмеңкеге Қызылорда облысының брендін айналып ақ күріші, балығы мен ас тұзы, қауынмен қарбызы, ұлттық сусындары және басқа да ауыл шаруашылығы өнімдері жеткізіледі.

Ала жаздай ризық-несібесін жерден терген Сыр диқандарының 1000 тоннадан астам ауыл шаруашылығы өнімдері халыққа нарық бағасынан төмен бағада ұсынылатын болады.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІНІҢ ЖӘРМЕҢКЕСІ

- ЖАҢАҚОРҒАН АУДАНЫ**
Астана даңғылының бойы
(Е. Көшербаев көшесі мен А. Иманов көшесінің аралығы)
- ШИЕЛІ АУДАНЫ**
Тасбөгет кенті
Орталық алаң
- СЫРДАРИЯ АУДАНЫ**
«Тағзым алаңы»
(С. Толыбеков көшесі мен Д. Қонаев көшесінің қиылысы)
- ЖАЛАҒАШ АУДАНЫ**
«Титов» қыстағы
(Ә. Қашаубаев көшесі мен Жетікөл көшесінің қиылысы)
- ҚАРМАҚШЫ АУДАНЫ**
«Журба» көшесінің бойы
(С. Романов пен Саламатов көшесінің аралығы)
- АРАЛ АУДАНЫ**
С.Торайғыров көшесінің бойы
(«Шұғыла» балабақшасының алды)
- ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ**
(«Шұғыла» мөлтек ауданы
Ғ.Мұратбаев пен Қ.Яссауи көшесінің қиылысы)
- ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ**
Сол жағалау
Syr-Daryya» коммуналдық базарының алды

18
ҚАЗАН
09.00-13.00